

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№117 (9435) |

1954 жылғы 12 июнь Сенбі

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын

Комсомолецтер, ауыл шаруашылығын өркендету күресіне белсене қатынасыңдар!

СОЛ Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының тарихи қарарларын жүзеге асыру күресіне еліміздің бүкіл еңбекшілерімен бірге, саямындаған комсомолецтер мен жастар да белсене қатынасуға. Олар елімізде астық өндірісін мейлінше өркендету, қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолында социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларында қажырлы еңбек істеп жүр.

Коммунистік партия тың және тыңайған жерлерді көптеп игеру арқылы астық молшылығын жасауға шақырғанда, еліміздің комсомолецтері мен жастары партияның бұл шақыруына бірінші болып ұн қосты.

Партиямыздың шақыруы бойынша Москвадан, Украинадан, Кубаньдан, Краснодардан, басқа да туысқан республикалар мен облыстардан біздің Солтүстік Қазақстан облысының өзіне ғана жаңа жер игеруге жүздеген жас патриоттар келді. Олар быйылғы көктемнен бастап тың және тыңайған жерлерді игеруде қажырлы еңбек істеп жүр. Павленко жолда басқаратын №19 трактор бригадасы Кубандағы Тбилисская МТС-інен Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозына келді. Бұл бригаданың мүшелерінің көпшілігі комсомолецтер мен жастар. Бригада тың жер көтеру жөніндегі көктемге арналған жоспарды мерзімінен бұрын орындап шықты. Көзір бұл озат бригаданың мүшелері «Сталин жолы» колхозының даласында тың және тыңайған жерді көтеруде.

Булаев ауданының комсомол ұйымы (аудандық комсомол комитетінің секретары П. Еременко жолдас) комсомолецтер мен жастарды қоғамдық жұмысқа белсене қатынастыра білді. Аудан комсомолецтері мен жастары, әсіресе, көктемгі егіс кезінде еңбек үлгісін көрсетті. Туысқан республикалар мен облыстардан бұл ауданға 2 мыңнан аса жас жігіттер мен қыздар келді. Бұл жағдай да аудан комсомол ұйымының белсенділігі мен қабілеттілігін арттыруға қолайлы мүмкіншілік туғызды. Мұның нәтижесінде аудан колхоздарының, әсіресе, МТС-тері мен совхоздарының комсомол ұйымдарының қатары мейлінше өсті. Жаңа ұйымдастырылған Жда-

«Еңбек» колхоздарының комсомол ұйымдарының жұмысы тіпті төзгісіз. Бұл комсомол ұйымдарында басқаны айтпағанның өзінде комсомолецтердің жыйналысы айлар бойы өткізілмейді. Аталған комсомол ұйымдарында колхоз өндірісіне қатынаспай жүрген бірнеше комсомолецтер бар. Бұл жағдай аудандық комсомол комитетіне әбден мәлім. Бірақ, аудандық комсомол комитеті және оның секретары Коваленко жолдас колхоздар мен МТС комсомол ұйымдарын нығайтуға, комсомолецтер мен жастардың түзел қоғамдық жұмысқа белсене қатынасуын қамтамасыз етуге бағытталған шешуші шаралар қолданбай отыр. Аудандық комсомол комитетінің қызметкерлері, оның секретары Коваленко жолдас колхоздар мен МТС-терде сирек болады. Бола қалған күнде колхоздар мен МТС-тердің бастауыш комсомол ұйымдарының жұмысымен жете таныспады, комсомол ұйымдарының секретарларына ұйым жұмысын жолға қою, барлық комсомолецтерді қоғамдық жұмысқа белсене қатынастыру жөнінде нақтылы көмек көрсетпейді.

Көзір облысымызда егінді күту, шөп шабу жұмыстары басталды, комбайндар мен басқа да егін жыйнау машиналарын жөндеу жүргізіліп жатыр. Сол сыяқты, көптеген озат колхоздар мен совхоздар қоғамдық мал қораларын жөндеу, жаңадан қора салу жұмыстарын кең көлемде өрістетуде.

Міне, бұл жұмыстарға комсомолецтер мен жастар белсене қатынасуға тиіс. Ауыл-селода әрбір комсомолец ауылшаруашылық өндірісінде өзінің лайықты орнын тауып, колхоздар мен совхоздарының шаруашылығының барлық салаларының өркендеуіне өз үлестерін қосуға міндетті.

Аудандық комсомол комитеттері ауыл-село комсомолецтері мен жастарының қоғамдық жұмысқа белсене қатынасуына жетісу үшін, ең алдымен, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің бастауыш комсомол ұйымдарын нығайтып, ұйымның жұмысын жақсартуға бағытталған ұйымдастыру жұмыстарын тыңшылықты жүргізуге тиіс.

Бастауыш комсомол ұйымының жұмы-

Үкметіміз бен партиямызға шексіз берілгендіктің салтанаты

Совет халқы жаңа заемға белсенділікпен жазылуда

Совет халқының игілігі үшін

ЛЕНИНГРАД, 9 июнь. (СОТА). Ленин қаласының еңбекшілері үкметіміздің Мемлекеттік жаңа заемды шығару туралы қаулысына зор рухтанғандық сезіммен қарсы алды. Бүгін заводтарда, фабрикалар мен құрылыстарда, мекемелер мен оқу орындарында жыйналыстар өтті.

Киров заводының мартен цехы. Атақты болат балқытушы М. Кононов сөз сөйледі. Ол еңбек вахтасын аяқтап, ауыр салмақты металл мерзімінен екі сағат 20 минут бұрын қорытты. Өзімен бірге жұмыс істейтін жолдастарының ойын білдіріп, Кононов жолдас былай деді:

—Біздің партиямыз бен біздің Советтік үкметімізде совет адамдарының игілігіне қамқорлық жасаудан артық іс жоқ. Мұны біздің әрқайсымыз өз өмірімізден жақын білеміз. Быйылғы жылы жаңадан тұрғын үйлер салуға үкметіміз заводқа 28 миллион сомнан аса қаржы босатты. Біз өзіміздің қаржымызды туған мемлекетімізге қуанышпен қарызға береміз.

Көп адам қатысқан жыйналыстар мұнымен қатар Сталин атындағы металл заводында, Киров атындағы жіп иіру комбинаты және басқа кәсіпорындарында болды. «Скороход» фабрикасының аяқкіім тігушілерінің жыйналысында жұмысшы И. Перова сөз сөйледі.

—Біздің халқымыз, — деді ол, — Мемлекеттік жаңа заемның шығарылуын шын жүректен құттықтайды. Еліміздің қалай гүлденіп, халықтың әл-ауқатының қалай өсіп келе жатқанын біздің бәріміз көріп отырмыз. Заемнан түсетін қаржылар еліміздің экономикасы мен мәдениетінің оған әрі өсуіне көмектеседі.

Барлық жерлерде заемға жазылу қызу өрістеуде. Ол совет адамдарының Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегінде тығыз топталғандығының айқын демонстрациясына айналуда.

Колхозшылар заемға ұйымшылдықпен



Біз бейбітшілікті еңбегімізбен нығайтамыз.

Молдавия еңбекшілерінің сөзі

КИШИНЕВ, 9 июнь. (СОТА). Бүгін Молдавияның кәсіпорындарының цехтарында, колхоздары мен мекемелерінде еңбекшілердің Совет Үкметінің жаңа заемды шығару туралы қаулысына арналған жыйналыстары болды. Қаулы бірауыздан мақұлданып, қарсы алынды.

Молдаван ССР Ауылшаруашылық министрлігінің Кишиневтегі жөндеу заводында көп адам қатысқан жыйналыс болып өтті. Күю цехының бастығы Евгений Коваленко сөз сөйледі. Ол былай деді:

—Совет адамдары сүйікті Отанымызды онан әрі гүлденуі үшін еңбек етеді. Быйылғы жылдың бес айының өндірістік тапсырмасын біздің коллектив 130 процент орындады. Халықтың игілігіне қамқорлық жасау, социалистік мемлекет үшін ең жоғары заң болып саналатынын біз білеміз. Міне, сондықтан да біз өзіміздің еңбекпен тапқан қаржымызды туған мемлекетімізге қуанышпен береміз.

Слесарь — комсомолец Николай Ермурабийе сөз берді.

—Заемнан түсетін қаржының қайда жұмсалатынын біз туған қаламыздың мысалынан көріп отырмыз. Біздің заводтың қорықтары тұрған жер жуырда ғана құлазыған дала болатын. Көзір ол Кишиневтің өнеркәсіпті ауданы. Біздің кәсіпорының қатарынан нан заводы, кондитер фабрикасы, автомобиль жөндеу заводы және сүт заводы, мебель комбинаты салынды. Тұрғын жұмысшылар жақсы және қолайлы үйлерге орналасты. Заемға ұйымшылдықпен жазылып, біз еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын ойдағыдай орындауға көмектесіп, халықтың әл-ауқатын арттырамыз!

Заемға жазылу Кишиневтің Сергей Лазо атындағы аяқкіім фабрикасында, паровоз депосында, Тирасполь мен Бендердің консерві заводтарында, Слободзей, Калараш, Ниспоренке және басқа аудандардың колхоздарында ұйымшылдықпен басталды. Барлық жерлерде жаңа заемның шығару-

ғы совхоздардың комсомол ұйымдарының әрқайсысында 200-ден аса БЛКЖО мүшесі бар.

Егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап комсомол жастардан құрылған трактор бригадалары егісті мерзімінен бұрын және сапалы жүргізу жолында социалистік жарысқа ұшпасты. Егістің барысында Пистун жолдас басқарған комсомол жастар бригадасы үнемі үздік шығып отырды. Бұл бригада егістің қорытындысында да жарыста озып шығып, ауыспалы Қызыл Туға ие болды. Еңбектің таманға үлгісін көрсетіп жүрген Тарануха, Маня, Грибашев сыяқты тракторшылар мен Шалых, Волошин сыяқты тіркеушілерді аудан комсомол ұйымы мақтан етеді.

Комсомолецтер мен жастардың көктемгі егіс қажырлы еңбек етуі Булаев ауданы колхоздары мен совхоздарының егіс жұмыстарын облыста бірінші болып аяқтап шығуына көмегін тигізді.

Комсомол — колхозды деревняда үлкен күш. Мәселе осы үлкен күшті дұрыс пайдалана білуде. Қай жерде комсомол ұйымдарының жұмысы дұрыс жолға қойылып, комсомолецтердің қоғамдық жұмыстағы белсенділігін арттыру жолында қамқорлық жасалса, онда комсомол ұйымдарының, комсомолецтер мен жастардың ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендетуде зор жұмыстар істейтіндігі белгілі.

Бірақ, облысымыздың кейбір аудандарында комсомол ұйымдарының жұмысы қазіргі өскелең талаптар дәрежесінде емес. Бұл жөнінде Ленин ауданының комсомол ұйымының жұмысына тоқтала кетуге болады. Аталған ауданның бірқатар колхоздары мен МТС-терінде барлық комсомолецтер мен жастардың қоғамдық жұмысқа түгел белсене қатынасуы қамтамасыз етілмеген. Аманкелді атындағы,

ССРО ӘУЕ ФЛОТЫ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Еліміз ССРО Әуе Флоты күніне әзірленуде. Қалаар мен селоларда, әскери бөлімдерде фото-сурет көрмелері ұйымдастырылады. Бұл көрмелер біздің авиацияның даңқты тарихы, совет ұшқыштарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қаржанды істері туралы баяндайды. ССРО Қорғаныс министрлігінің әскери баспасы Совет Әуе Флотына арналған плакаттарды көп тиражбен басып шығарды.

Совет Армиясының М. В. Фрунзе атындағы Орталық үйінің кітапханасында көрсетеді.

Тұрмыс қажетін өтейтін жана кәсіпорындар

Москва облысы халқының тұрмыс қажетін өтеумен 150-ге жуық кәсіпшілік артельдері шұғылданады. Оларда аяқ киім, киім, мебель және металл бұйымдар жөндейтін біржарым мыңнан аса артельдер мен мастерскойлар бар. Тек бірінші төқанда ғана кәсіпшілік кооперациясының осы кәсіпорындары біржарым миллион адамға қызмет етті.

Кәсіпшілік кооперациясының Москва облыстық Советі 1954 жылы облыстың қалалары мен селоларында тұрмыс қажетін

өтейтін бөлсенділігінің артуы көбінесе бастауыш комсомол ұйымы секретарының іскерлік қабілетіне байланысты. Бұл — белгілі қағида. Олай болса, аудандық комсомол комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары колхоз, совхоз және МТС бастауыш комсомол ұйымын еңбекте үздік шыққан беделді және сауатты комсомолец басқаруына жетісетін болсын. Сол сыяқты, бастауыш комсомол ұйымының секретарына үнемі көмектесіп, ұйымның жұмысын қалай ұйымдастыру қажеттігі, кейбір күрделі мәселелерді қалай шешу жөнінде кеңес беріп отыру қажет.

Аудандық комсомол комитеттері мен бастауыш комсомол ұйымдары ауыл-село комсомолецтерін колхоз, совхоз өндірісіне, МТС жұмысына белсене қатынастыруға жетісумен бірге, олардың оқуы, спорт өнерімен шұғылдануы, мәдени-бұқаралық жұмысқа қатынасуы жөнінде де үнемі қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Комсомолецтердің өндірістік белсенділігін арттыру үшін аудандық комсомол комитеттері мен комсомол ұйымдары жұмыста үздік шыққан жас тракторшылардың, комбайншылардың, шөп машинашыларының, малшылардың жұмыс тәжірибесін таратып, насихаттап отыруға, ауыл-село жастарының арасында социалистік жарыс пен саяси-тәрбие жұмыстарын пәрменді түрде өрістетуге міндетті.

Комсомолдың күші — оған партия басшылық ететіндігінде. Аудандық партия комитеттері, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің партия ұйымдары комсомол ұйымдарына нақтылы басшылық жасап, оның жұмысына үнемі көмектесіп отыруға тиіс. Сонда ғана комсомол ұйымының жұмысы жолға қойылып, барлық комсомолецтердің қоғамдық жұмысқа, ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендету күресіне белсене қатынасуына жетісуге болады.

отандық авиация туралы кітаптардың көрмесі ашылады. Москва гарнизонының офицерлер үйлерінде де осындай көрмелер ұйымдастырылған.

Тушино аэродромындағы алдағы әуе парадның программасы өте үлкен. Мұнда Армияда, Авиацияға және Флотқа көмектесудің Бүкілодақтық ерікті қоғамының (ССРО ДОСААФ-ы) авиация спортшылары өздерінің шеберлігін, сол сыяқты, соғыс авиациясы өзінің жетістіктерін

көрсетеді.

тін өтейтін тағы 6 комбинат пен 34 артель салып, қатарға қосуды ұйғарды. Заказдарды жақсы орындау үшін кәсіпорындарда техникалық бақылау бөлімдерін ұйымдастырмақ. Бұл бөлімдер жөнделген бұйымдарды алдын ала тексермейінше мастерскойлардан оларды заказшыларға бере алмайды.

Тұрмыс қажетін өтейтін жана кәсіпорындарын салуға екі миллион сомнан аса қаржы бөлінді.

(СОТА).

КИЕВ, 9 июнь. (СОТА). ССР Одағы Министрлер Советінің Мемлекеттік жаңа заемды шығару туралы қаулысын Киево-Святошин ауданының Хрущев атындағы артелинің колхозшылары бірауыздан мақұлдап қарсы алды.

—Біздің колхоз — миллионер, — деді жыйналыста сөз сөйлеген артельдің председателі А. Юрков, — ол жылдан-жылға өркендеп, нығайып келеді. Егіс далаларындағы еңбек көп кететін барлық жұмыстарды машиналар атқарады. Механикаландырудың нәтижесінде еңбек жеңілдетілді, ал, колхозшылардың еңбек күні барған сайын құнды болып келеді. Біз өзіміздің еңбекпен тапқан қаржымызды мемлекетке қуанышпен қарызға береміз. Біз бұл қаржылардың сүйікті Отанымыздың еңбекшілерінің әл-ауқатын онан әрі жақсартуға жұмсалатынын білеміз.

—Мемлекеттік заемдар социалистік Отанымыздың қуатын нығайтуға көмектеседі, — деді овощ өсірушілер бригадасының бригадирі М. Мироненко. — Мен заемға шын пейілмен жазыламын және барлық колхозшыларды өз қаржыларының едәуір бөлігін мемлекетке қарызға беруге шақырамын.

Мемлекеттік жаңа заемға Хрущев атындағы ауылшаруашылық артелинің колхозшылары түгелінен дерлік жазылды.

Ауданның Каганович атындағы, Шевченко атындағы және басқа колхоздарында да заемға жазылу ойдағыдай өтуде.

Ұлы Отанға, партияға деген сүйіспеншілік

Петропавл сыра-сусын зауытының жұмысшылары мен қызметшілері ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын (1954 жылы шығарылуы) шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын зор саяси және өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Олар жұмыс соңынан жаңа заемға байланысты митингіге жыйналып, өздерінің ұлы Отанға, партияға деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдірді.

— ССРО -ның мемлекеттік заем, — деді завод партия ұйымының секретары Ысқақов жолдас, — шын мәніндегі халықтық заем. Өйткені, ол еліміздің экономикалық күш-қуатының нығайту мүддесіне, еңбекшілердің материалдық және мәдени әл-ауқат дәрежесін арттыру мүддесіне жұмсалады.

Мінбеде құрылыс бригадасының бригадирі Пышкин жолдас. Ол совет заем туралы завод коллективінің пікірін білдіріп, былай деді:

— Жаңа заем совет мемлекетінің күш-қуатын онан сайын нығайтуға, социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетуге, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыра беруге көмектеседі. Мен жаңа заем шығару жөніндегі үкімет қаулысын шын жүректен қарсы алып, оған күнделік нормамды 170 процент орындаумен жауап беремін.

Жаңа заемға жазылу мұнда зор өрлеу үстінде өтті. Аз уақыт ішінде завод коллективі мемлекеттік заемға түгел жазылуды аяқтады.

Суретші Б. Зеленскийдің плакаты (СОТА-ның фотохроникасы).

Москвалықтар жаңа заемның шығарылуын қызу күптықтауда

Мемлекеттік жаңа заемның шығарылуын Москвалықтар зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Астананың кәсіпорындарында, комбинаттары мен мекемелерінде 9 июньде жыйналыстар болды. Болат бақтығыштар, машина жасаушылар, аспапшылар, ғылым мен техника адамдары сөз сөйледі.

«Серп и Молот» зауытының бірінші мартен цехындағы жыйналыста болат бақтығышты Овчинников жолдас сөз сөйледі.

—Өзіміздің еңбекпен тапқан қаржымызды мемлекетке қарызға беру арқылы бесінші бесжылдықтың жоспарын орындауды тездетейіміз біздің әрқайсысымызға белгілі, — деді ол. Біздің қаржыларымыз, біз қорытқан болат сыяқты, Совет мемлекетінің онан әрі өркендеп, гүлдене беруге жұмсалады. Мен жаңа заемға шын жүректен жазыламын.

Москваның Сталин атындағы автомобиль зауытының цехтарында жыйналыстар зор өрлеумен өтті. Автомобильдерді құрастыру және сынау цехында №2 бас конвейердің аға мастери Игнов жолдасының сөйлеген сөзін жұрт зейін қойып тыңдады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі — деді ол, — халық игілігі үшін зор қамқорлық жасауда. Біз Отанымыздың астанасы — Москвада еңбек етудеміз және еңбек етеміз. Москваның көшелері мен алаңдарының қалай бөсеңдіріліп, жердің асты-

Отан игілігі үшін

ПРЕСНОВКА. (Телефон арқылы алынды). Мемлекеттік жаңа заемды шығару жөніндегі ССРО Министрлер Советінің қаулысын аудан еңбекшілері еңбектегі зор өрлеу үстінде қарсы алды. Колхозшы шаруалар, совхоз жұмысшылары, МТС-тің механизаторлары мен селолық интеллигенция үкімет қаулысын қолдап, Коммунистік партия мен Совет Үкметіне деген өздерінің сүйіспеншіліктерін білдірді.

Колхозды ауыл-село адамдары арасында ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын тарату жұмысы саяси және өндірістік өрлеу жағдайында өтуде. Жаңа заемға арналған жыйналыстар мен үгітшілердің әңгімелерінде колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлері, ауыл-село интеллигенттері Коммунистік партия мен Совет Үкметіне деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдіріп, Отан игілігі үшін өз қаржыларын мемлекетке зор қуанышпен қарызға беруде.

Баян МТС-нің Социалистік Еңбек Ері Асадулаев жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторлары жаңа заем туралы үкімет қаулысын радиодан коллектив болып тыңдады. Радио хабары аяқталысымен олар бірінен соң бірі сөз сөйлеп, жаңа заемды қызу қуаттады.

— Жаңа заем — деді Асадулаев жолдас, — бесінші бесжылдық жоспарды жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін халық қаржысын қатыстыру мақса-

нан жаңа жолдар салынып, жаңа үйлердің тұрып жатқанын көріп отырмыз. Бұл сіздер мен біздер, еңбекшілер үшін істелуде. Үкіметіміздің жаңа заемды шығару туралы қаулысын біздің бәріміз біркөй-дей қуаттаймыз.

Трансформатор зауытының жұмысшылары бірінші бірі жаңа заемның шығарылуымен құттықтады. Байырғы өндірісте Чистяков жолдас совет заемдарының халық арасындағы орасан зор беделі туралы заем қаржыларының коммунизм құрылысының ұлы ісіне, еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін онан әрі арттыруға жұмсалатыны туралы айтты.

Бұдан соң сөз сөйлеген токарь Семенов жолдас былай деді:

— Америкада жанталаса қарулануға, жаңа соғысты әзірлеуге өте көп қаржы жұмсалады. Біздің бюджетіміз бен біздің заемдарымыз бейбіт құрылысқа, халықтың тұрмысын жақсартуға жұмсалады. Мен өзімнің екі апталық еңбекақымды мемлекетке қуанышпен қарызға беремін.

Д. М. Каганович атындағы бірінші подшпник зауытының цехтарында Мемлекеттік жаңа заемның шығарылуына арналған жыйналыстар болды, оларға көптеген адамдар қатысты.

Подшпник зауытының жұмысшылары, инженерлері, техниктері мен қызметшілері заемға ұйымшылдықпен жазылуда.

тында шығарылып отыр. Бұл — игілікті іс. Социалистік ауыл шаруашылығы техниканы бұрынғыдан да көп алатын болады. Мен үкімет қаулысын, бүкіл совет адамдары сыяқты, шын жүректен қуаттап, жаңа заемға зор ықпалмен жазыламын. Сонымен қатар сіздерді, тракторшыларды, таяудағы 3-4 күнде пар жырту жөніндегі жоспарды толық орындауға шақырамын.

Асадулаев жолдасының шақыруы тракторшылардың зор қолдауын тапты. Олар заемға тегіс жазылды. Бұл күні бригада пар жырту жөніндегі бір күндік тапсырманы 130 процент орындады.

Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары заемға жазылуда ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Бисарин, Сәкеев жолдастар заемға бірінші болып жазылды, ақшаларын қолма-қол төледі. Олардың инициативасын басқа колхозшылар да қызу қолдады. Осының нәтижесінде бұл колхозда заемға жазылу сомасының 50 процентінің ақшасы сақтық қассасына өткізілді.

Осы сыяқты, заем тарату жұмысы Ворошилов атындағы, Маленков атындағы, «Жизнь» және басқа колхоздарда да колхозшылардың зор белсенділігімен өтті.

Н. БОЛАТБАЕВ.

Преснов аудандық партия комитетінің секретары

ауын халық жаппай мақұлдап қарсы алды.

Коммунистік партияға шексіз берілгендіктің белгісі

Бүкіл совет халқы сыяқты қаладағы нан комбинатының жұмысшылары мен қызметшілер коллективі ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын асқан зор қуаныш сезімімен қарсы алды.

Жаңа заемның шығарылуына байланысты өткізілген митингте комбинат жұмысшылары өздерінің сүйікті Коммунистік партиясына, Совет Үкметіне шексіз берілгендіктерін көрсетті.

Митингте сөз алып сөйлеген нан пісірушілер бригадасының бригадирі Н. Гаврилина, нан пісіруші А. Глагольева жолдастар және басқалары Мемлекеттік жаңа заемға өздерінің өркімен қуанышпен жазылатындықтарын бүкіл коллектив алдында мәлімдеді.

Нан пісіруші А. Глагольева жолдас өзінің өндірістік тапсырмасын үнемі 115—120 процент орындап отырады. Ол еңбек өнімділігін арттырумен бірге өнімнің сапасына да зор көңіл бөледі. Ол митингте сөйлеген сөзінде былай деді:

— Біздің мемлекетке қарызға берген ақшамыз жаңа мектептер, курорттар мен санаторийлер салуға, совет халқының әл-ауқатын жақсартып, мәдениетін арттыра беруге жұмсалатындығын біз жақсы білеміз.

Митингден кейін ақ комбинат жұмысшылары заемға бір кісідей ұйымшылдықпен жазыла бастады. Алғашқы сағатта 85 адам заемға жазылды.

Коммунизм жеңісіне

Қаладағы «Екпінді» артелинің жаппай киім тігу цехының коллективі жаңа заем шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын бірауыздан қолдады.

— Жаңа заем — деді цех мастери Хасанова жолдас, — халқымыздың әл-ауқатын жылдан-жылға жақсарту үшін зор маңызы бар. Бұл қамқорлық арқылы аурухана, мәдениет үйі, балалар үйінің жағдайлары онан әрі жақсара түседі. Мен жаңа заемға жазыла отырып, күнделікті нормамды екі есе орындаймын деп міндеттеме аламын.

Келесі сөзді мастер Гайнуллина жолдас алды.

— Біздің заем — халықтық заем. Мемлекеттік жаңа заем Отанымыздың экономикалық қуаттылығын нығайтады, бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындауымызға көмектеседі.

— Советтік заемның капиталистік елдердегі заемнан түбінді айырмашылығы бар, — деді Мальченко жолдас. — Капиталистік елдерде заемды соғыс қарақатын молайтуға, халықты қанауға жұмсайды. Ал, біздің заем сүйікті Отанның көркеюіне жұмсалады.

Артель жұмысшылары Мемлекеттік жаңа заемға біркөй-дей жазылып, советтік Отанға шексіз сүйіспеншілігі мен берілгендігін білдірді.

Кезінде және сапалы жыртылған пар—мол өнімнің негізі

Пар жыртудың озаттарына теңелейік!



Суворов МТС-нің И. Перерва жолдас басқарған трактор бригадасы көктемде тың жырту жоспарын 150 процент орындап, 1300 гектар жерге тұқым сеугі. Егіс жұмыстарын агротехникалық жоғары дәрежеде жүргізді. Озат бригаданың мүшелері кезір пар жыртудың күндік және онкүндік тапсырмаларын асыра орындап жүр. Пардың жыртылу сапасы жақсы. Суретте: МТС директоры М. Верткиннің Конохов ауданындағы «Колос» колхозында жұмыс істеп жүрген И. Перерва жолдасын трактор бригадасына МТС-тің Ауыспалы Қызыл Туын тапсырып тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Партия ұйымы—табысты ұйымдастырушы

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарында МТС-тердің алдына жаңа зор міндеттер қойылды. Ол —колхоздарда барлық ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша молайту, қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін еселеп арттыру, картоп пен овощты көптен өндіру, осының негізінде колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан оған әрі нығайта беру, сөйтіп, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі бүкілхалықтық күреске келеді үлес қосу.

Біздің партия ұйымы МТС-тің алдында тұрған бұл жауынгерлік міндеттерді жақсы түсінді. Ол МТС коллективі арасында жүргізетін өзіндік партиялық-ұйымдастыру, саяси-тәрбие, үгіт-бұқаралық жұмыстарының барлығын колхоз өндірісінде МТС ролін оған сайын арттыра беруге бағыттады. Қызметшілер мен жұмысшыларды МТС-тің колхоздармен жасасқан шартын орындап отыруға жұмылдырды. Мастерскойда, бригадаларда еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, жөндеу жұмыстарының өзіндік құнының кемітуіне жетісуге жете назар аударды. Партия ұйымының еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жасаған осындай зор ықпалы өзіндік тиісті нәтижелерін берді.

Егіске әзірлік кезінде және егістен кейін партия ұйымының жаңы жыйна-

қабылдаған міндеттемелердің әрбір бригадасында орындалуының барысы, егіс, пар жырту жұмыстарындағы озаттардың тәжірибелері жөнінде әңгіме өткізді.

Біздің МТС 10 колхозды қамтыды. Оларда быйыл МТС-тің 20 трактор бригадасы құрылды. Бригадалардың біразында партия тобы ұйымдастырылды. Партия топтары егістік жерді сапалы, тез жұмыстауда, тұқымды тиісті тереңдікке сіңіруде, парды тек агротехника талабына сай жыртуда, социалистік жарысты кең өрістетіп, ойдағыдай жетекші күш бола білді. Мәселен, № 8 трактор бригадасындағы тракторшы Горбунов жолдас бригаданың партия тобының жетекшісі болып істейді. Ол еңбекте бригаданың мүшелерінің табысқа жетуін ұйымдастырумен қатар, өзі жер жұмыстауда сменалық тапсырмаларын 125 проценттен орындап, үлгі көрсетті.

Озат бригадалардың бірі — С. Слонов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы. Бұл бригада пар жырту тапсырмасын 8 июньде 100 процент орындады. Сонымен қатар көп жанар, жағар майлары үнемдеді.

Трактор бригадаларының барлығында үгітшілер жұмыс істейді. Оларда газет, журналдар, саяси әдебиет және шаруашылық тақырыптардағы кітаптар жеткізіледі. Работаның нәтижелерін «жылына»

Суворов атындағы МТС-тің механизаторлары және МТС қамтуындағы колхоздардың колхозшылары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март пленумдарының қаулыларын мінсіз жүзеге асыру күресіне өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыруда. Олар егіннен мол өнім алудың негізгі қадамы —көктемгі егісті 25 майда толық аяқтап шықты. Колхоздарда жоспардан тыс 2525 гектар жерге дәнді дақылдар егілді. Көктемде 2000 гектар орнына, 2507 гектар тың көтеріліп, оған тұқым себілді.

Механизаторлар еңбекті колхозшылармен тығыз ынтымақтаса істей отырып, пар жыртуды да қызу қарқынмен жүргізуде. МТС-та 10 июньге дейін пар жырту жоспары 75 процент орындалды. Көзір механизаторлар еңбек өнімділігін еселеп арттыру арқылы пар жыртуды үш-төрт күннің ішінде толық аяқтау үшін күресуде.

Жаңа жеңістерге жете береміз

Мен басқаратын № 3 трактор бригадасы бірнеше жылдан бері «Новый путь» колхозында жұмыс істейді. Бригаданы осы колхоздың № 2 егіс бригадасындағы колхозшылар қамтыды. Механизаторлар колхозшылармен бірлесе, ынтымақтаса отырып, машина қуатын жұмысқа өнімді пайдалануды әдетке айналдырып келеді. Мәселен, өткен жылы бригаданың әрбір 15 аттық күші бар трактормен 700 гектардай жер жұмыстан, бұл жөніндегі тапсырманы ойдағыдай орындадық. Сонымен бірге, едәуір жанар, жағар майларын үнемдеу есебінен мемлекетке көп пайда келтірдік. Колхозшылар біздің бригада жұмыстаған жерлердің әрбір гектарынан орта есеппен 14 центнерден өнім алды. Ал, парға себілген 100 гектар бидайдың әрбір гектарынан 23 центнерден, 200 гектарынан —18 центнерден өнім жыйналды. Бұл —егіннен мол әрі тұрақты өнім алу жолындағы күресте жердің сапалы жұмысталуын ерекше еске алып келгеніміздің нәтижесі болып табылады.

Быйыл біздің бригада мүшелері әрбір 15 аттық күші бар трактормен 800 гектар жер жұмыстауға міндеттенді. Бұл міндеттемені орындау үшін көктемгі егіс кезінде тракторлардың қуатын өнімді және қалтқысыз пайдаландық. Сөйтіп, көктемде әрбір 15 аттық күші бар трактормен 255 гектар жер жұмыстан, 700 килограмнан астам жанар және жағар майларын үнемдедік.

Механизаторлар көктемгі егіс жұмыстарын аяқтасымен 1955 жылдың егістері үшін пар жыртуға кірісеті. Олар бұл жұмыста да машина қуатын өнімді пай-

даланып, еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетті. Мәселен, тракторшы Михаил Максимов пен Роман Черисов жолдас «ДТ—54» тракторымен әрбір сменада 7,5 гектар орнына, 8—9 гектардан жер жыртып келді. Ал, бригаданың ең озат тракторшылар Федор Ульянов және Василий Максимов жолдас «СТЗ—НАТИ» тракторымен смена сайын 8 гектардан жер жыртып, еңбек өнімділігін көктемгі егіс кезіндегіден де арттыра түсті.

Бригада мүшелерінің бұл сыяқты өнімді еңбектерінің нәтижесінде біз аз күн ішінде 450 гектар пар жыртып, бұл жөніндегі белгіленген жоспарды мерзімінен бұрын және сапалы орындауға жеттік. Көзір жыртылған парды күту жұмысын қызу жүргізілуде. Сонымен бірге бригаданың кейбір қуатты тракторларды жоспардан тыс пар жыртуға қостық.

Біздің бригададағы механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыруына колхозшылар да едәуір үлес қосып отыр. Бригаданы қамтуға бөлінген колхозшылар өздеріне тапсырылған жұмысты ұқыптылықпен атқарады. Сөйтіп, тракторлардың сумен, жанар және жағар майлармен уақытылы қамтамасыз етілуіне жетісіп келеді. Колхоз басшылары трактор бригадасын қамтытын колхозшыларды тұрақтандыруды да жолға қойып отыр. Мұның бәрі біздің бригаданың алдағы уақытта да жер жұмыстауда жаңа табыстарға жете беруін қамтамасыз ететіндігі күмәнсіз.

Н. КУРБАСОВ,
№ 3 трактор бригадасының бригадирі.

Міндепшемем—1200 гектар

Коммунистік партия мен Совет Үкметі ауыл шаруашылығын жан-жақты өркендетуге, әсіресе, астық өндірісін барынша арттыруға не қызық бәрін жасауда.

қылап отырды және жұмысталған жерлердің сапасын колхоз басқармасы «жақсы» деген бағамен қабылдады. Дала жұмыстары басталғаннан бері ме-



Конохов ауданындағы Суворов МТС-нің Данил Матвеевич Гравберг басқарған № 7 трактор бригадасы пар жыртуда алда келеді. Бригададағы тракторшылар мен тіркеушілердің барлығының өздерінің мотоциклдері мен велосипедтері бар. Олар жұмыстан бос уақыттарында мотоциклмен және велосипедпен серуенге шығып, газет-журналдар оқып, мәдениетті тынығады. Суретте: «Путь Ленина» колхозында жұмыс істеп жүрген № 7 трактор бригадасының мүшелері жұмыстан кейін дала вагоншасына велосипедтері мен мотоциклдерімен келіп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Келесі жылы егісті пар мен зябьке себеміз

Біз быйыл көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық ең қолайлы мерзімде, жоғары сапада ауданда бірінші болып аяқтадық. Егіс жұмыстарын әрі тез, әрі сапалы аяқтауымызға негізгі екі жағдай мүмкіндік жасады. Өткен жылы колхозда пар мен зябь жырту жоспары толық орындалған болатын. Мұның өзі көктемгі егіс кезіндегі жұмыстарымызды көп жеңілдетті. Біз дала жұмыстарының алғашқы күннен бастап, негізгі күшті пар мен зябьті өңдеуге, жаңадан иерілетін тың жерлерді жыртуға жұмылдырдық. Сөйтіп, аз күн ішінде жаздық дақылдардың дәнін парға және зябьке ектік. Көктемде иеріліген 300 гектар тың жерге жаздық қатты сідік тұқымын сеугі.

Колхозшылар біздің колхозда жұмыс істейтін Суворов атындағы МТС-тің механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, пар мен зябьті өңдеуде, тың жер иеруде және оларға тұқым себуге әрі өнімді, әрі сапалы еңбек етті. Трактор бригадаларын қамтуға бөлінген колхозшылар өз міндеттерін орындауға жауаптылықпен, саналылықпен қарап, машина қуатының өнімді және күндіз-түні бірдей пайдаланылуына жетісті.

Уақытылы және жоғары сапада жыртылған пар мен зябь егіннен мол өнім алудың негізі екенін біз жылма-жылғы өз тәжірибемізден көріп келеміз. Өткен

санаспай еңбек етеді. Сөйтіп, трактор бригадаларында барлық тракторлардың кемінде екі-үш күн жұмыс істеуіне жетерлік жанар, жағар майларының қоры болуын қамтамасыз етіп жүр. Сол сыяқты, су тасушылар да тракторлар үшін суды уақытылы жеткізіп отырады. Тіркеуші Бериков, Поздан, Райберт жолдас тракторшылар ұқыптан күтумен бірге, олардың қалтқысыз жұмыс істеуін, жердің 23—25 сантиметр тереңдікте жыртылуын қадағалап отырады. Олар машинаға су, май құю, сменаны ауыстыру кезінде трактордың бөлшектерін шаңнан тазартып, сүртуде тракторшыларға көмектеседі.

Трактор бригадаларын қамтытын колхозшылар осындай қажырлы еңбектерімен әрбір тракторшылардың машина қуатын сарқа пайдаланып, сменалық, бес күндік тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындауларына жағдай жасады. Осының нәтижесінде біз 8 июньге дейін 710 гектар пар жыртып, бұл жөніндегі белгіленген жоспарды мерзімінен бұрын сапалы етіп орындадық. Мұның 300 гектары тың жер есебінен 25—27 сантиметр тереңдікте қосымша түрелді плугпен жыртылды.

Біздің ендігі алға қойып отырған мақсатымыз, жыртылған парды кезінде және жоғары сапада күту. Көзір жыртылған

лыстары өткізіліп, оларда МТС коллективі арасында көктемде, сол сыяқты, жазғы маусымда жүргізілетін саяси-тәрбиелік, үгіт-бақаралық жұмыстарының жоспары бекітілді. Ол жоспарларда үгітшілердің, коммунистердің, МТС басшыларының, мамандарының қай бригадаларда қандай тақырыпта әңгіме өткізетіні, баяндама жасайтыны, лекция оқыйтыны, тағы басқа жұмыстардың шаралары белгіленді. Бұл белгіленген шараларды жүзеге асыруға коммунистер мен комсомолецтер белсене қатысты.

Егіс және пар жырту кезінде трактор бригадаларында аудандық партия комитетінің біздің МТС-тің аймағы жөніндегі секретары Лукьянов жолдас СОБН Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март пленумдарының қаулыларын жүзеге асыру жолында МТС коллективінің міндетіне байланысты баяндама жасады. МТС-тің механиктері, коммунист Гаук, Черясов, Зорин жолдастар «Техника қуатын өнімді пайдалану — табыс кілті», агрономдар, комсомолец Марков, Базарбаев жолдастар «Тың жерді жұмыстаудың агротехникасы» деген тақырыптарда баяндама жасап егіншілерге зор көмек көрсетті. Тракторшылар, коммунист Манзюк, Масеров, Горбунов жолдастар социалистік жарыста

листоктар» кезінде шығарылады. Көрсеткіш тақталарына өндірістің міндеттемелердің орындалу барысы жазылып тұрады. Озат бригадаларға МТС-тің ауыспалы Қызыл Туын тапсыру ұйымдастырылды.

Бригадаларда еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған осындай ұйымдастыру жұмыстары, МТС қамтуындағы колхоздарда егіс жоспарын 25 майда орындап, одан кейін пар жырту жұмысын іле-шала жүргізіп, бұл жұмыс жөніндегі жоспарды орындауға жуықтадық. Демек, 13 жұмыс күнінде 10 колхозда 5840 гектар пар жағары сапада жыртылды.

Біздің алдымызда әліде көп міндеттер тұр. Бұдан былайғы уақытта егінді, жыртылған парды күту, зяб жырту жұмыстарын жүргізуге тиісіз. МТС-тің партия ұйымы бұл міндеттерді де аброймен орындап шығу жолында ұйымдастыру жұмыстарын күшейте береді. Коммунистер мен комсомолецтер бұл жұмыстарда да авангардтық роль атқарады. Олар колхоз өндірісін өркендету күресінде социалистік жарыстың жаршысы бола береді.

А. ГРОМОВ,

МТС партия ұйымының секретары.

Тек үстіміздегі жылы ғана біздің МТС мемлекетімізден көптеген жаңа, қуатты тракторларды және басқа ауыл шаруашылық машиналарын алды. Осы техниканы колхоз өндірісінде неғұрлым өнімді пайдалануда тракторшы үлкен тұлға болып табылады.

Мен көп жылдар бойы тракторшы болып істеп келемін. Машинаның тетіктерін жақсы менгеріп, оның күшін өнімді пайдалану және жұмысты сапалы істеу жөнінде едәуір озат тәжірибелерді үйреніп, оны өз ісіме тиімді пайдаланып жүрмін.

Өткен жылы жер жұмыстау жөніндегі жылдық тапсырмамды 1,5 есе орындап, едәуір жанар және жағар майларын және қосалқы бөлшектерді үнемдедім. Былғы «ДТ—54» тракторымен өз сменамда 1200 гектар жер жұмыстауға және кемінде 5 процент жанар, жағар майларын үнемдеуге міндеттеме алып отырмын. Бұл міндеттемені орындау жолындағы күресте машина қуатын өнімді пайдаланып, көктемгі егіс жұмыстары кезінде сменалық тапсырмамды үнемі асыра орындап келдім. Егіс кезінде мен тың жерді игеруде жұмыс істедім. Бұл кезде орындаған жұмыстарымды трактор бригадасының бригадирі, участкалық агроном үнемі ба-

ның тракторым тоқтаусыз жұмыс істеп келеді. Мұның себебі: мен смена ауысқан сайын трактордың негізгі механизмдерін бақылап, басаған винттерін бекітіп және сүрткіп тазартып отырамын. Май жүретін түтіктердің жұмысын уақытылы байқапмын. Тракторға құйылатын майдың, судың таза болуына үнемі назар аударамын. Міне, мұның барлығы механизмдердің жұмысты жақсы істеуіне және бүлінбеуіне көмектеседі. Машинаны техникалық жағынан ойдағыдай күтудің нәтижесінде пар жырту жұмыстарында да елеулі табыстарға жеттім. Пар жыртудың алғашқы күнінен бастап бір күнде тоқтаусыз жұмыс істеумен бірге, сменалық тапсырмамды үнемі толық және асыра орындап келдім. Бұл жерлерге келесі жылы егілетін дақылдардан мол өнім алу мақсатын көздеп, парды 23-25 сантиметр тереңдікте жыртып жүрмін.

Мен тракторды техникалық жақсы күтімде ұстаумен қатар, жұмыс уақытын өнімді пайдалана отырып, жер жұмыстау жөніндегі жылдық тапсырмамды асыра орындауға жетісетін боламын.

И. СТАРИХ,

№ 19 трактор бригадасының тракторшысы.

жылы парға егілген бидандық әрбір гектарынан орта есеппен 100 пұттан өнім алдық. Ал, жеке учасктортердің гектарынан 20 центнерге дейін өнім жыйналды. Біз осы тәжірибемізге сүйене отырып, былғы да келесі жылдың егістері үшін парды неғұрлым мол дайындау мақсатын көздеп отырмыз. Сондықтан да, колхоз басқармасы МТС-тің участкалық агрономы Марков жолдастың көмегімен парға жыртылатын жерлерді ауыспалы егіс жүйесі бойынша күні бұрын белгілеп алдық. Ол участкалардың қайсысы қашан жыртылатыны жоспарланды. Жоспарды колхозшылар мен механизаторлар талқылап, пар жырту жұмысына күш-мүмкіншіліктері тиімді пайдалану жөнінде бағалы пікірлер айты. Сөйтіп, көктемгі егіс жұмыстары аяқталысымен барлық трактор пар жыртуға қосылды.

Пар жыртуда МТС-тің екі трактор бригадасы жұмыс істеп келді. Бұл бригадаларды қамту үшін 40 колхозшы, 12 жәлік және басқа тасымал құрал-саймандары бөлінді. Колхозшылар пар жыртуда да техника қуатын өнімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін өздеріне тапсырылған міндеттерді атқаруда аянбай еңбек етті. Мәселен, жанар, жағар майларын тасушы Тютенков, Гайзанов жолдастар уақытпен

мыста тракторшы В. Файхирд жолдас «ДТ—54» тракторымен тапсырмасын үнемі асыра орындауда. Ал, жыртылған жұмсақ жерлердің үсті бір тегіс болу үшін оны көлденеңінен тырмалауды ұйымдастырды.

Парға арамшөп өнген кезде, оны қайта жырту қажет. Сондықтан арамшөп өнген пар болса, оны 15 июльден бастап қайта жыртуды ұйғарып отырмыз. Бұл жағдайда көптеген арамшөптердің тамыры кесіліп, ол өсімдіктер топырақтың астыңғы қабатына түсіріледі, арамшөптер қайта көктей алмайтын болады.

Колхозшылар парды ойдағыдай күтіп, баптаумен бірге былғы 1300 гектар зяб жыртуды жоспарлап, оны ең қолайлы мерзімде өткізуге әзірлікті де қызу жүргізуде. Талаудағы күндерде зяб жырту жұмысына да кіріскелі отырмыз. Біз зяб жыртуды да қысқа мерзімде өткізіп, келесі жылдың барлық жаздық егісін тек дайын жерлерге егетін боламыз. Бұл міндетті сөзсіз орындатындығына колхозшылар мен механизаторлардың аянбай еткен еңбегі кепіл.

И. БАЗЫЛЕВ,

Кониюхов ауданы, Мичурин атындағы колхоздың председатели.

Колхоздар ерте, әрі сапалы жыртылған пармен қамтамасыз етіледі

Біздің МТС-тің механизаторлары және МТС қамтуындағы колхоздардың колхозшылары СОБН Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының қаулыларын зор қуанышпен қарсы алып, оны мінсіз жүзеге асыру күресіне өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырды.

МТС механизаторлары егіншіліктің мәдениетін арттырудың алғашқы және негізгі қадамы — көктемгі егіске барлық жағынан мұқият әзірленді. Олар дала жұмыстары басталмастан бұрын МТС-тегі барлық тракторлардың сапалы жөндеуіне жетісті. Егіс жұмыстары басталмастан 10 күн бұрын бригадаларға — тракторларды бөліп бердік. Содан кейін іле-шала бригада мүшелері өзара тракторлардың жөндеу сапасын тексеруді ұйымдастырды. Бұл тексерісте бірқатар тракторларда ақау барлығы анықталды. Механизаторлар ондай тракторларды дереу қайрадан жөндеуді ұйымдастырды. Әрине, жөндеу жұмысында ақау жіберу үлкен кемшілік. Біз ол кемшілікті жою арқылы бригадалардың егіс жұмыстарына сапалы жөндеген трактор және тіркеу саймандарымен кірісулеріне жетістік.

Партиямыз бен үкметіміз колхоздарға егін шаруашылығын өркендету жөнінде нақтылы көмек көрсетуде. Былғы біздің МТС-ке бірқатар жаңа тракторлар мен шөптеген тіркеу саймандары берілді. Осының барлығы МТС қамтуындағы колхоздарда егіс жоспарының 25 майға дейін толық орындалуына мүмкіншілік берді. Жер жыртуда, жыртылған жерді жұмыстауда және тұқым себуге агротехникалық ережелер қатаң сақталды. Колхоздарда

жоспардан тыс 2525 гектар дәнді дақылдар егісі егілді. Былғы көктемде 2 мың гектар орнына, 2507 гектар жер жыртылып, оған тұқым себілді. Бұл жұмыс 4—7 жұмыс күні ішінде өткізілді.

Жағарыда МТС-те трактор паркінің сапалы жөндегендігін және трактор паркінің жаңа тракторлар есебінен толықтырылғандығын айтып өттік. Механизаторлардың алдына қойылған міндет — осы тракторлардың қуатын дала жұмыстарына неғұрлым өнімді пайдалану болды. Олар тракторларға техникалық күтімді уақытылы жүргізіп отыру арқылы бұл міндетті аброймен орындап та келеді. Бізде егіс жұмыстары кезінде бірде-бір трактордың техникалық жарамсыздықтан тоқтап тұру фактісі кездескен жоқ. Бұл жөнінде МТС-тің көшпелі мастерскойлары бригадаларға ойдағыдай көмек көрсетті. Көшпелі мастерскойдағы механиктер Гаук, Черясов және Зорев жолдастар бригадаларда күні-түні болып, тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырды.

Жекелеген колхоздарда егіс жұмыстары 10-12 жұмыс күні ішінде өткізілді. Мәселен, «Болос» колхозының колхозшылары жұмысты МТС механизаторларымен бірлесіп істеп, егіс жоспарын 14 майда орындап шықты. Мұнда дәнді дақылдар жоспары 125 процент орындалды. Мұны аталған колхоздың колхозшыларының және колхозға бекітілген МТС механизаторларының елімізде астық өндірісін шұғыл өркендету жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысқа белсене кірісулерінен деуіміз керек.

Мичурин атындағы колхозда да егіс жоспары 17 майда 120 процент орын-

далды. Тың жерлерге егілген егіннен мол өнім алып келген «Путь Ленина» колхозының колхозшылары егісті агротехникалық ең қолайлы мерзімде өткізді. Мұнда көктемнің алғашқы 4-5 күнінде 350 гектар орнына, 447 гектар тың және тыңайған жер жыртылып, ол жерге жаздық бидай тұқым себілді.

Егіс жұмыстарын агротехникалық ережелерге сәйкес қысқа мерзімде өткізу егіннен мол өнім алудың алғашқы қадамы ғана. Мол өнім үшін күрес әлі алда. Ол — егінді баптап, күту және ысыраусыз жыйнап алу. МТС механизаторларының жұмысты колхозшылар мен тығыз ынтымақтаса істей отырып, бұл шараларды да мінсіз жүзеге асыратындығына сенім зор.

Механизаторлар мен колхозшылардың алдында тұрған көзіргі негізгі міндеттің бірі — келесі жылдың егісі үшін осы бастан қамқорлық жасау, ол үшін пар жыртуды үлгілі ұйымдастыру, сөйтіп әрбір колхозды ерте әрі сапалы жыртылған пармен қамтамасыз ету болып есептеледі. Былғы көктемде МТС қамтуындағы кейбір колхоздарда егіс жұмыстары 25 майға дейін созылды. Бұл өткен жылы пар мен зябтың аз дайындалуынан болған іс. Егер МТС механизаторлары өткен жылы әрбір колхозда пар мен зяб жырту жоспарын толық орындаған болса, онда былғы егіс жұмыстары 10-12 жұмыс күні ішінде толық аяқтап шығуға болар еді.

МТС механизаторлары СОБН Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, өткен жылдың бұл кемшіліктерінен нақтылы қорытынды шығаруға, сөйтіп, әрбір колхозда пар жырту жоспарын қысқа

мерзімде сапалы орындап шығуға міндеттенді. Механизаторлар алған бұл міндеттемелерін мінсіз орындап шығу үшін егіс жұмыстарын аяқтасымен дереу пар жыртуға кірісіп, тракторлардың қуатын жұмысқа тәулік бойы өнімді пайдаланды.

Кейбір трактор бригадаларының бригадирлері мен мүшелері егіс жұмыстары аяқталдық, енді барлық тракторға да бірнеше күн техникалық күтім жасау керек» деген пікірде болды. МТС дирекциясы мен партия ұйымы мұндай пікірдің орын алуына жоқ бермеді. Біз әрбір бригадада бір трактордың ғана техникалық күтімде тұруын ұйымдастырдық. Ол тракторға техникалық күтім жасалғаннан кейін екінші тракторға техникалық күтім жүргізілді. Ал, қалған тракторлар пар жыртуда тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеді.

МТС-те барлығы 20 трактор бригадасы болса, олар түгелінен пар жыртуға қатыстырылды. Бригадаларда жер жырту екі сменادا ұйымдастырылды. Механизаторлар еңбек өнімділігін көктемгі егіс кезіндегі ең де арттыру үшін өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетті.

Әрбір тракторшы еңбек өнімділігін арттыру және өзара социалистік жарыста озып шығу, жер жұмыстаудың өзіндік күнші кемітіп, пайдалы еңбек ету үшін жұмыс уақытын өнімді пайдаланды. Кейбір трактор бригадаларында трактордың тәулігіне 22 сағат боразда жұмыс істеуі ұйымдастырылды. Механизаторлар еңбектің өнімді болуы колхозшылармен жұмысты тығыз ынтымақтаса істеуге тікелей байланысты өздерінің көп жылғы тәжірибелерінен жақсы біледі. Сондықтан да, олар пар жыртуда өзара байланыстарын бұрынғыдан да күшейтті. Колхозшылар трактор бригадаларының өнімді еңбек етуіне үнемі қамқорлық жасады. Колхоз басқармалары тракторларды сумен, жанар маймен, механизаторларды ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отырды.

Рас, пар жырту кезінде кейбір тракторлардың бөлшектерінің сыну фактісі кездесуде. Бірақ, МТС-тегі үш жылжымалы мастерской дереу бригадаларда болып, бригадаларға қолма-қол көмек көрсетеді. Сөйтіп, тракторлардың көп бөгелмей жұмысқа қайта қосылуына мүмкіндік жасал келеді.

Бригадаларда еңбек дұрыс ұйымдастырылды. Бригадирлер және олардың көмекшілері әрбір трактордан сменалық жұмыс тапсырманы үнемі толық және артығымен орындап отыруды қатаң талап етті. Ал, жұмыс нормаларын орындай алмаған тракторшылар болса, оларға қолма-қол көмек көрсетілді. Тракторшылар сменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі артық орындап отыруға жетісу үшін тракторлар мен тіркеу саймандарына техникалық күтімді уақытылы жүргізіп отырды. Барлық трактор бригадаларында техникалық күтім смена ауысар кезінде ұйымдастырылды. Бұл іске екі сменاداғы тракторшылар мен тіркеушілер толық қатыстырылды. Олар трактордың механизмдері мен тіркеу саймандарының бөлшектерін сүртіп тазалайды және майлайды. Ал, трактор бригадасының бригадирі немесе оның көмекшісі трактор моторының жұмыс істеуін байқады. Осының барлығы пар жыртуда техника күшінің сарқа пайдаланылуына мүмкіншілік беруде. Көптеген трактор бригадалары бұл жұмыста еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

Мысалға Мичурин атындағы колхозға бекітілген Гарберг және Вернер жолдастардың басқаруындағы трактор бригадаларына алуға болады. Бұл бригадалардың мүшелері 10 июньге дейін колхозда 710 гектар пар жырттып, жоспарды қысқа мерзімде орындап шықты. Тракторшылар И. Старих, И. Рейбант, Р. Шнайдер жолдастар сменалық жұмыс тапсырмаларын біржарым нормаға дейін орындап отырды. Осы сыяқты Курбатов жолдасының басқаруындағы № 3 трактор бригадасы мү-

шелерінің қажырлы еңбегін де атап айтудымыз керек. Мұнда әрбір 15 аттық күн бар трактормен егіс жұмыстары кезінде 220 гектар жер жұмысталып, 523 килограмм жанар, жағар май үнемделген-ді. Тракторшылар қол жеткен табыстарын баяндай ете отырып, пар жыртуда да жағары көрсеткішке ие болуда. Бұл бригаданың тракторшылары Р. Черясов, В. Максимов, М. Максимов жолдастар пар жыртуда сменалық тапсырмаларын 130-150 процент орындап жүр.

Механизаторлардың осындай қажырлы еңбегі және трактор қуатының пар жыртуда өнімді пайдаланылуы МТС қамтуындағы колхоздарда бұл жөніндегі жоспардың 10 июньде 75 процент орындалуына мүмкіндік беріп отыр. МТС-те 2 мың гектардай тың және тыңайған жерлер есебінен пар жыртылды. МТС механизаторлары бұл күндері пар жыртуды 3—4 күнде аяқтау және парды баптау жұмыстарын өрістетте түсуде. Тың жерлер екі-үш ізде дискеленуде. Ал, жұмсақ жерлер көлденеңінен тырмалана бастады.

Біздің механизаторлар колхозшылармен бірге колхоздардың экономикасын нығайту күресінде жаңа табыстарға жете береді. Бұл үшін механизаторлар тракторлардың қуатын дала жұмыстарына өнімді пайдаланады.

Бұл күндері МТС механизаторлары шөп шабу және егін жыйнау маусымдарында үлгілі әзірленуде. Комбайндардың жарысына жуығы жөндеді. Шөп машиналарын жөндеу аяқталуға жуық. Біз еңбек өнімділігін еселеп арттыру арқылы шаруашылық жұмыстардың қандай саласында болсын жоғары көрсеткіштерге ие боламыз.

М. ВЕРТКИН,

Суворов атындағы МТС-тің директоры

Шөп шабуды мезгілінде, толық әзірлікпен бастап, ұйымшылдықпен жүргізейік!

★ Маңызды іске мән бермейтін басшылар ★

Шөп шабу науқанын ойдағыдай өткізуде машина-трактор станциясы шешуші роль атқарады. Өйткені, ол колхоздарға қажетті жеміштің 65 процентін шауып, дайындап беруге тиіс. Қоғамдық малға берік жеміш қорын жасау сияқты аса маңызды мемлекеттік міндет машина-трактор станциясы алдына шөп шабуға үлгілі әзірлікпен кірісіп, оны ұйымшылдықпен өткізу талабын қояды.

Айта кету керек, кейбір машина-трактор станцияларының шөп шабуға әзірлігі оған қойылып отырған кәсіпші талаштар дәрежесінде емес. Бұл ең алдымен МТС басшыларының өздігінен жүретін кең алымды және тіркемелі кез алымды шөп машиналарын жөндеуге жете көңіл бөлмеуінен, «шөп піскенше әлі бір күн бар, оған дейін үлгереміз» деген сенімге бой ұруынан туып отыр. Приешім МТС-нің шөп шабуға әзірлігіндегі кәсіпші өзгеріс жағдайды дәл осындай себептер арқылы ғана дәлелдеуге болады.

МТС үстіміздегі жылы 34 мың гектар алаңның шөбін шауып, өзінің қамтуындағы колхоздар үшін 20727 тонна жеміш-шөп дайындауды жоспарлап отыр. Бұл жоспарды жүзеге асыру үлгілі әзірлікті, кең алымды шөп машиналарын деркезінде сапалы жөндеуді қажет ететіні сөзсіз. Ал, МТС-те мұндай маңызды іске әзірліктегі қарқын өте-өте баяу.

МТС өздігінен жүретін кеңалымды шөп машиналарын жөндеуге апрель айында кіріскен болатын. Содан бері қолда бар шөп машиналарын толық жөндеуден өткізетіндей уақыт өтті. Алайда, МТС күлі осы уақытқа дейін жөндеуге тиісті 17 өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының екеуін ғана жөндеуден өткізді.

Өздігінен жүретін кеңалымды шөп машиналарына мамандар даярлау ісі де дұрыс жолға қойылмаған. МТС-ке өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасын жүргізетін 21 адам керек. Солардың 14-і ғана кәсіпші жөндеу жұмыстарына қатысып жүр, ал қалған жетеуін МТС басшылары колхоздар жібереді деген үмітте отыр.

Осы жылдың 20 мартында МТС-ке облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдасдың қолы қойылған қатнаса келді. Бұл қатнаста МТС жанынан бір айлық курс ашып, кеңалымды шөп машинасын жүргізетін 15 адам даярлау, МТС-тің директоры Нечипоренко жолдасқа тапсырылған. Нечипоренко жолдас өз тарапынан «орындауға» деп бұл қатнаса бұрыштама соғып, оны МТС-тің бас инженері Цой жолдасқа жіберді. Ал, бас инженер оны ауыл шаруашылығы басқармасынан келген қағаздар сақталатын папкаға «ұқыпты түрде» тікті. Одан әрі бұл қатнаста көрсетілген нұсқауды орындауға, бір айлық

ұйымдастыруға ешкім көңіл бөлген жоқ. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы өз нұсқауының орындалуын бақыламай, оны тек жергілікті жерлерге жіберумен барлық жұмысты тындырды. Мұны Нечипоренко, Цой жолдасстар пайдаланып, «колхоздар кісі жібермейді» деген сылтаумен, өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасын жүргізушілердің айлық курсін ұйымдастырмады.

Жақында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы шөп машинасын жүргізушілердің 15 күндік курсы өткізу жөнінде екінші қатнасын жіберді. Бұл қатнаса та, әдеттегідей, Нечипоренко арқылы Цойға келіп түсіп, қалың папкаға тағы да тігілді. Бұдан кейін МТС өз тарапынан курсқа адамдар жіберуді міндеттеп, колхоз басқармаларына қатнаса жіберді. Сөйтіп, МТС-қа адамдардың келуін күтті. Кәсіпші курсқа небары екі-ақ адам келген. Ал, МТС басшылары осы курстың жұмысын 10 июньнен бастап, осы айдың аяғында бітіруді ұйғарып отыр. Демек, сонда МТС басшыларының жобасы бойынша курс бітіп, адамдар шөп машинасын жүргізу мамандығын меңгергеннен кейін ғана шөп шабуға кіріспек.

Нечипоренко, МТС-тің бас агрономы Боев жолдасстар шөп шабуға әзірлік жұмыстарына басшылық жасауды Цой жолдасқа тапсырған. Ал, олардың өздері көбінесе кабинетте отырып, нұсқау берумен, қағазбастылықпен шұғылданады. Егер олардан шөп шабу науқанына әзірліктің барысы қалай деп сұрай қалсаңыз: —Оны МТС-тің бас инженері Цой жолдас жақсы біледі, өйткені, бұл мәселемен тікелей шұғылдану соған жүктелген болатын, —деп шімірікпестен жауап береді.

МТС-та тіркемелі кеңалымды шөп машиналарын жөндеудің барысы да айтарлықтай емес. 50 кеңалымды шөп машинасының тек 15-і ғана жөндеуден өткен. Кеңалымды трактор тырнауыштарын жөндеу туралы да дәл осыны айтуға болады. Ал, төрт сүйрегіе қажетті бөлшектің жоқтығынан бірнеше жылдан бері пайдаланылмай, МТС мастерскойының қасында жатыр.

Өздігінен жүретін кеңалымды және тіркемелі кеңалымды шөп машиналарын жөндеушілердің арасында еңбек тәртібі нашар ұйымдастырылған. Олар көп жағдайда жұмыс уақытын пайдаланбай, босқа өткізеді. Бұған ең алдымен МТС директоры Нечипоренко, бас инженері Цой, ауыл шаруашылығы машиналарының механигі Руучер жолдасстар кінәлі. Өйткені, олар жөндеушілерді машинаның қажетті бөлшектерімен деркезінде қамтамасыз етпейді. Міне, сондықтан жөндеушілер жұмыс уақытының көбін босқа өткізуге, не бір жұмысты қайталап істеуге мәжбүр

жөндеуші механизмдердің арасында саяси үгіт жұмысы жүргізілмейді десе де болады. МТС партия ұйымы, оның секретары Шатунов жолдас жөндеуші механизмдердің арасындағы саяси-бұқаралық жұмысын жақсартуды, үгітшілердің мұнда жиі болып, газет-журналдар оқып, әңгіме өткізуін ұйымдастырмай отыр. Тіпті көрсеткіш тақта да мезгілінде толтырылмайды. Сондықтан кімнің алда екені, кімнің сменалық нормасын орындамай жүргені белгісіз.

—Бұрын түскі үзіліс кезінде үгітшілер кезіп, газет оқып, әңгіме өткізіп тұрушы еді. Соңғы кезде бірде-бір үгітшілі көрме емесіз, —дейді жөндеуші механизмдер Кириллов және Васильев жолдасстар. Жөндеуші механизмдердің арасындағы социалистік жарыс та формальды түрде ұйымдастырылған. Оған уақытылы қорытынды жасалып, ол жарияланбай тұрмайды. Саяси-бұқаралық жұмыстың өз дәрежесінде жүргізілмеуі шаруашылық жұмыстарын ілгері бастыруға бөгет жасай отырған жоқ.

Июньнің 8-күні МТС советінде «көптемі егістің қорытындылары және шөп шабуға әзірлік» жөнінде мәселе қаралды. Шөп шабу науқанына әзірлікте үлкен кемшіліктер орын алып отырғандықтан бұл мәселенің МТС советінде жеке қаралуы орынды еді. Бірақ, советте мұндай шаруашылық-саяси маңызы бар жұмыс екінің біріне қалдырылып қалды.

МТС қамтуындағы колхоздарда да шөп шабуға әзірліктің барысы өте-өте баяу. Бірқатар колхоздардың председателдері жемішті МТС әзірлеп беруге тиіс, колхоз тек адамдар бөлу керек деген теріс пікірдің шырмауында жүр. Міне, дәл осындай себептермен олар қолда бар шөп машиналар мен тырнауыштардың деркезінде жөндеудің қамтамасыз етілмей отыр. Мәселен, Буденный атындағы колхозда (председателі Лепехин жолдас) жөндеуге тиісті шөп машиналар мен тырнауыштардың жартысынан көбі жөндеген жоқ. Сол сияқты, басқа қажетті қол тырнауыш, айыр сияқты бөзедерде әзір емес.

Осы МТС-тің қамтуындағы Гуйбышев атындағы колхозда да (председателі Никулин жолдас) істің жайы дәл осындай. Мұнда да 16 шөп машинасының алтауы ғана жөнделді. Ал, 13 ат тырнауышын жөндеуге колхоз тіпті кіріскен жоқ. Бұл кемшіліктерді колхоз басшылары «адам күші жетіспейді», «қажетті бөлшектер жетіспейді» деген сылтаулармен дәлелдеп, сырттан көмек күтеді. Осы кемшіліктердің негізгі себебін анып, оны жоюдың жолын ойластырмай, дәрменсіздікке салынады.

М. НҮРПЕЙСОВ,

Боголюбово селосы.
(Арнаулы тілшіміз).



Москва, 6 июньде Совет алаңында Москваның негізін салушы Юрий Долгорукийге арналған ескерткіш салтанаты түрде ашылды.

СУРЕТТЕ: Юрий Долгорукийдің ескерткіші.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Алғашқы күндердегі игілікті нәтижелер

Бұл күндері Петропавлдағы К. Д. Ушинский атындағы оқытушылар институтында емтихан тапсыру жұмысы қызу жүргізілуде.

Көкшетау педучилищесін үздік бітірген осы институттың оқу озаты студент Кириченко бірінші болып емтихан билетіне жауап берді. Оның берген жауабына емтихан комиссиялары бірауыздан «5» деген баға қойды. Сол сияқты, оқу озаттары Великов, Сленцов, Бурковский де оқу жылында өткен материалдарды толық меңгергенін көрсетті. Институтты быйыл бітіретін 82 студенттен 80 студент жақсы және өте жақсы деген бағаға емтихан тапсырды.

Жаратылыстану және география факультетінде, ССРО географиясы және геология пәнінен емтихан тапсырған 44 студенттің 30-дан астамы жоғары баға алды. Студент Жұнысов, Мәліков, Федоров игілікті нәтиженің иесі болды.

Н. ОМАРОВ.

СЕЛО ҮГІТШІЛЕРІ

Чистый селосының (Мамлют ауданы) интеллигенциясы дала жұмыстарында жүрген колхозшыларды мәдени қамту жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырды. Оқытушылар Дубровский, Оничко, Федоров және Федорова жолдасстар трактор бригадаларында үгітші болып істейді. Олар көптемі егіс кезінде 6 жауынгерлік листок шығарып, колхоз қабырға газетінің уақытылы шығып тұруына көмектесті.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Дабылдан кейінгі дабыл

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 16-майдағы номерінде «Радио қабылдағыштар сөйлемей тұр» деген тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесі жөнінде жарияланбаған хаттың дерегі бағынды. Мұнда облыстық тұтынушылар одағы Октябрь аудандық тұтынушылар одағының председатели Юндин жолдасқа ауданға алғашқы жіберілген радиопитаниенен, ең алдымен тілші хатында аты аталған Абай атындағы және Ленин атындағы колхоздарға радиопитание жеткізу жөнінде нұсқау бергендігін хабарлады.

Бұл хабар газет оқушыларды қуантты, жыл бойына радио хабарларын тыңдай алмай отырған Ленин атындағы колхоздың мүшелері мен интеллигенттерінің Юндин жолдас бұл нұсқауды сөзсіз орындайды деген сенімін туғызды. Сол күні Юндин жолдас Ленин атындағы колхозға келіп, осындай қуаныштың үстіне кез болды. Колхозшылар облыстық тұтынушылар одағының нұсқауы бойынша Юндин жолдасқа радиопитание жөнінде жақсы өз, жылы хабар күтті.

—Біздің колхозға неше дама радиобатарейасын беретін болдыңыз?—деген сұраққа Юндин жолдас қабағын түйін:

—Жуырда «Ленин туының» редакциясы сіздерге радиобатарейаларын өкпе табып етуге тиіс,—деген кезетінді сөзді айтты да машинасына отырып жүріп кетті.

Ленин атындағы колхозда батарея жеткізілген радиобатарейалар бір жылдан бері сөйлемей тұр. Аудандық тұтынушылар одағының председатели Юндин жолдас тұтынушылардың бұл жөніндегі талабына бір жыл бойы құлақ аспай келді. Кәсіпші ол коммунистік баспасөздің беделіне кір келтіріп, газет бетінде жарияланған шындықты өтірікке шығарғысы келіп жүрген көрінеді.

Облыстық тұтынушылар одағының басшылары тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесі жөнінде баспасөз бетінде жарияланған жауабында Юндин жолдасқа берген нұсқауының қалай орындалғандығын дереу тексеріп, Ленин атындағы колхозға радиопитание жіберілуді қамтамасыз етсе екен дейміз.

**Е. Смағұлов, Қ. Қалнахметов,
Е. Сейдахметов, Ғ. Малдыбаев,
Б. Сахатов.**

—ОКТАБР АУДАНЫ, ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ.

Денсаулығымды түзеуге қашан мүмкіншілік алар екенмін

Менің халық ағарту саласында қызмет істей бастағаным быйыл 32 жыл толды. Бұл уақыттар ішінде менен оқыған жүздеген жастар жоғары дәрежелі оқу орындарын бітіріп, еліміздің қалалары мен селоларында инженер, агроном, оқытушы, дәрігер болып қызмет істейді.

Сол сияқты 1919 жылдан бері кәсіпшілер одағының мүшесімін.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанның төуелсіздігі мен бостандығын шапқыншы зулымдардан қорғауға қатыстым. Майданда ауыр жараланып, соғыс мүгедегі болып қалдым. Бірақ, мен өзімнің сүйікті жұмысым — коммунизмнің болшақ құрылысшылары — жас ұрпақтарды тәрбиелеу жұмысын қалдырмадым. Денсаулығымның нашар болуына қарамастан, оқытушылық қызметімн үзбей атқарып келемін.

Б. РАМАЗАНОВ,

Преснов ауданындағы Киров жетіжылдық мектебінің оқытушысы.

Техникум үшін қашан жөндейді?

Петропавл ауылшаруашылық техникумы елімізге ауылшаруашылық мамандарын даярлап беріп келе жатқан көптемі оқу орындарының бірі. Оны бітіріп шыққан мыңдаған жас мамандар еліміздің колхоздарында, МТС-терінде мен совхоздарында қызмет істеп жүр. Бұл сүйсімерлік іс.

Партия мен үкметіміз мамандар даярлау жөнінде зор қамқорлық жасап, бұл техникумға да оқу сапасын жақсартуға қажетті жағдайлардың бәрін жасап келеді. Демек, техникум жоғары білімі бар оқытушы кадрлармен жыл сайын толықтырылуда. Оқулықтар жеткілікті, қажетті құралдар аз емес.

Қазақ ССР Ауылшаруашылық министрлігі техникум үшін күрделі жөндеуден өткізу үшін быйыл 160 мың сом қаржы бөлді. Сөйте тұрса да, жөндеу жұмысын жүргізуге техникум басшылары тіпті асығар емес. Бөлінген көп қаржы құрылысқа пайдаланылмай келеді.

Қаладағы № 9 құрылыс бөлімі басшыларының техникум үшін жөндеу жұмысын жүргіземіз дегеніне, ол мекеменің есебіне техникумның 15 мың сом қаржы бөлгеніне бірнеше ай өтті. Бірақ, бұл құрылыс бөлімінің басшылары түрлі желеулерді айтып, мұнда құрылыс жұмысын бастамай отыр.

100 гектар жердің шөбі шабылды

БУЛАЕВО. Ұзынкөл совхозының № 3 бөлімшесінің коллективі (менгерушісі С. Тамағамбетов жолдас) пішен жыйнауды қысқа мерзімде өткізу және жоғары сапалы пішенді мол дайындау мақсатымен шөп шабу, оны жыйнау жұмыстарына сақадай сай әзірленді. Бөлімше басшылары шабындық жерлерде шөптің пісіп-жетілуін күнбе-күн қадағалай отырып, шөбі шабуға жараман участоқтарды іріктеп шабуды ұйымдастырды.

Кәзір бөлімшеде екі агрегат шөп шауып жүр. Агрегаттағы тракторшылар мен машинашылар техника күшін алғашқы күннен бастап өнімді пайдаланып келеді. Алғашқы екі күнде машинашы П. Кузьмин, Г. Юдин жолдастар басқарған агрегаттар 50 гектардан —100 гектар шабындықтың пішенін шапты.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Толық әзірлікпен кіріспек

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының колхозшылары ССРО Министрлер Советі мен СОКН Орталық Комитетінің «1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындауды өткізу туралы» қаулысына іспен жауап беруді қамтамасыз ету мақсатымен шөп шабу маусымына барлық жағынан үлгілі әзірленуде.

Колхозшылар қоғамдық мал санының көбеюі және оның өнімділігінің арта түсуі құнарлы мал азығының берік базасы жасалуына тікелей байланысты екендігін жақсы түсінген. Сондықтан да олар мал азығындық дақылдар және көпжылдық, біржылдық екіне шөп егістерінің көлемін өткен жылғыдан едәуір ұлғайтты. Көктемде 325 гектар жерге көпжылдық егістер егілді. Бұдан басқа 125 гектар қызылша, қартөп отырғызылды. Бұл дақылдарды егуде шаршы-ұялы әдіс көпінен қолданылды. Сол сыяқты, 125 гектар

біржылдық екіне шөптердің тұқымы себілді.

Мұнымен бірге колхозшы шаруалар табиғи шөпті шабу жұмысына да барлық жағынан мұқият әзірленуде. Колхоз басқармасы колхоз шеберлерін шөп машиналары мен тырнауыштарын жөндеу жұмысына жұмылдыра білді. Мұның өзі колхоздағы шөп шабатын, жыйнайтын машиналардың сапалы жөнделуіне қолайлы жағдай жасады.

Бұл жұмыста колхоз ұстасы Барлықбаев жолдас қажырлы еңбек етті.

Колхозшылар ССРО Министрлер Советі мен СОКН Орталық Комитетінің жемшөп дайындау туралы қаулысына жауап ретінде быйыл қоғамдық мал үшін 25 мың центнер мал азығын дайындауды ұйғарып отыр. Олар алған міндеттемелерін мінсіз орындап шығып, мал шаруашылығын өркендетудің негізгі шарасын жүзеге асырады.

А. САДЫҚОВ.

СОКН Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдары туралы әңгімелер өткізді.

Барлық оқытушылар—көркемөнер үйірмелерінің мүшелері. Олар жуырда дала бригадаларында жұмыс істейтін «Сливное селосының егіншілеріне концерт қойыл берді.

Б. НАУМОВ.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫСТАР САЛЫНУДА

«Лесные поляны» совхозының коллективі жаңа құрылыстар салуды қызу қарқынмен жүргізуде.

Кәзірдің өзінде 200 тонналық екі астық қоймасын, электр станциясын және 20 тұрғын үй салуды бастады.

Бұл құрылыстарды салуда ағаш шеберлері Филипенко, Деревянкин жолдастар жүндік тапсырманы 120—130 процент орындап жүр.

(Совет аудандық «Социалистік еңбек» газетінен).

Еңбекшілерді мәдени қамту тыңғылықты ұйымдастырылсын

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде мәдени-ағарту мекемелері зор роль атқарады. Әресе, барлық ауыл шаруашылығының негізі болып табылатын астық өндірісін шұғыл арттыру басты міндет болып отырған кәзіргі кезеңде ауыл-селолардағы мәдени-ағарту мекемелерінің бүгінгі таңдағы міндеттері абройлы, әрі жауапты.

Біздің облыста кәзіргі уақытта 276 мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істейді. Олардың ішінде 96 қалалық, селолық және аудандық кітапханалар, 11 аудандық Мәдениет үйлері, 74 селолық клуб және 95 оқу үйлері мен қызыл мүйістер бар. Бұл мәдени-ағарту мекемелері көктем егісі кезінде өз жұмыстарын СОКН Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының қаулысында атап көрсетілген ауыл шаруашылығының аса маңызды міндеттерін жүзеге асыруға бағытталды. Әресе, социалистік еңбек даласының егіншілері арасында олардың жүргізген үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстары өзінің игі нәтижесін берді. Облыс еңбекшілерінің көктем егісті деркесінде және жоғары агротехникалық сапада аяқтауында мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің қосқан үлесі де бар.

Быйығы жылы облысымызға еліміздің түрлі жерлерінен тың және тыңайған жерді игеруге байланысты мыңдаған патриоттар келді. Олардың көпшілігі селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына тікелей ат салысып, селолық лекторийлерде, көркемөнер үйірмелерінде жұмыс істеді.

Көктем егісі кезінде колхозшылар мен механизаторларды қамту үшін облысымызда 36 мәдени бригада ұйымдастырылды. Бұл көркемөнер үйірмелерінің күші-

мен ұйымдасқан бригадалар дала қостарында болып, еңбекшілерге 325 концерт қойып берді. Көптеген мәдени-ағарту мекемелері, әресе, кітапханалар мен оқу үйлері көктем егісі кезінде өз жұмыстарын трактор және дала бригадаларының қостарына көшірді. Олар мұнда үгіт-бұқаралық жұмысты кең өрістетіп, механикаторлар мен егіншілердің социалистік жарыстарын ұйымдастырушылар болды.

Еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын колхоз шаруашылығымен ұштастыра жүргізуде Сергеев селолық кітапханасы (Полдень ауданы) едәуір табыстарға ие болды. Кітапхана менгерушісі Романенко жолдас көктем егісі кезінде өз жұмысын дала қостарына көшірді, вагоншаларды көрнекті үгіт ұрандарымен және диаграммалармен жабдықтады, радиокабылдағыштар орнатты, жылжымалы кітапханалар ұйымдастырды. Күн сайын жауынгерлік листоктар шығарып, озат тракторшылар мен колхозшылардың жұмыс өдісін насихаттауға көп көңіл бөлді.

Дворяничкова жолдас менгеруші болып істейтін Мамлют аудандық кітапхана үйінде өз жұмыстарын бүгінгі таңдағы талаптарға сай жүргізіп келеді. Мұнда «ССРО ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары», «Тың және тыңайған жерлерді игеру —бүкілхалықтық іс» деген тақырыптарда фотовитриналар жабдықталған, сол сыяқты, ауыл шаруашылығы әдебиетінің көрмесі ұйымдастырылған. Кітапхана үйінде кітап оқушылар конференциясы да жиі өткізіліп тұрады.

Преснов аудандық Мәдениет үйі облысымыздағы, үлгілі мәдени-ағарту мекемелерінің бірі. Мәдениет үйінің коллективі үстіміздегі жылы еңбекшілерге 38 рет концерт қойып берді, оның 25-і дала

костары мен бригадаларында көрсетілді.

Кәзіргі кезде жоғарыда аталған мәдени-ағарту мекемелерінің коллективтері жемшөп дайындау маусымында еңбекшілер арасында үгіт-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын кең көлемде жүргізуге әзірленуде.

Дегенмен, көптеген мәдени-ағарту мекемелері өз жұмыстарын СОКН Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март пленумдары қаулысының талаптарына сай құра алмай отыр. Облысымызда өз жұмыстарын түйыққа тіреп, еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстар жүргізуді кең өрістетіп алмай отырған мәдени-ағарту мекемелері аз емес. Кейбір клубтар мен кітапханалардың және оқу үйлерінің коллективі өз жұмыстарын кітап берумен және би ұйымдастырумен ғана тындырып жүр. Мәселен, Булаев МТС-інде, Чистов астық совхозында және Булаев ауданының «Гигант» колхозындағы мәдени-ағарту мекемелерінің жағдайлары осындай. Ал, Преснов ауданындағы Ольгинка оқу үйінің менгерушісі Калининко оқу үйі мүлде жауып, бетімен жүреді.

Сол сыяқты, село еңбекшілерін киномен қамту ісі де кәзіргі талаптарға сай дәрежеде емес. Әресе, алыс колхоздар еңбекшілеріне деркесінде кино көрсету ісі дұрыс жолға қойылмай отыр.

Облыс еңбекшілері қоғамдық мал үшін берік жемшөп базасын жасау күресіне кірісті. Бұл аса маңызды шаруашылық науқан кезінде мәдени-ағарту мекемелерінің міндеттері де күрделі болмақ. Пішенишілерді мәдени қамту ісін дұрыс жолға қою —әрбір мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің қасиетті борышы.

Бірақ, облысымыздың көптеген мәдени-ағарту мекемелері еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуде көктем егісі кезінде қол жеткен табыстарын баянды ету жолында ешқандай шара қолданбай отыр. Бұған Ленин ауданының колхоздары мен совхоздарындағы

мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары толық мысал бола алады. Ауданның көптеген колхоздарының кәзірдің өзінде шөп шабуға кірісе бастағанына қарамастан, селолардағы мәдени-ағарту мекемелері өз жұмыстарын тар көлемде жүргізуде. Мысалға, осы аудандағы Аманбелді атындағы ауылшаруашылық артеліндегі оқу үйінің жұмысын алайық. Кәзіргі уақытта бұл оқу үйі өз жұмысын тек қана кітап оқушыларға кітап берумен тындырып отыр. Еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін деркесінде шығарып отыруды мүлде естен шығарған. Ал, селолық Советтің председателі Сыздықова, колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Жақыпов жолдастар бұл мәдени-ағарту мекемесінің ойдағыдай жұмыс істеуіне басшылық жасамай отыр.

Еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуде аса маңызды мәселенің бірі —адам санасындағы капитализмнің қалдықтарына қарсы күрес болып табылады. Әресе, үгіт-бұқаралық жұмыстар нашар жүргізілген жерде діни қалдықтардың басым болатындығы, мәдени-ағарту мекемелерінің бұл жұмысқа баса назар аударуын талап етеді. Сондықтан, мәдени-ағарту мекемелері адам санасындағы капитализм қалдықтарын жою тақырыптарына арнап лекциялар ұйымдастыруды, ол үшін радионы, киноны, газет, журналдар мен кітаптарды кеңінен пайдалануға тиіс.

Тек еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын кәзіргі талаптарға сай жүргізе алғанда ғана, облысымыздың мәдени-ағарту мекемелері өздерінің алдында тұрған міндеттерді орындай алады. Бұл жағдай, әресе, қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау кезінде естен шықпауға тиіс.

Е. ФЕЙГЕ,

ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

мүмкіншілікті пайдалана алмайды. Оның дарынан техникумда елзулі кемшіліктердің кездесуіне жол беріп жүр. Мәселен, техникумының әрбір пәнге деп белген арнаулы кабинеттері мен лабораториялары оқуды жоғары дәрежеде өткізу тілегіне сай емес. Олар тар, қараңғы, тозығы жеткен.

Студенттердің жатақханасы да күрделі жөндеу жұмысы жүргізілмегендіктен қыс күндері суық болып келеді.

РАДИО ТОРАБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАҚСАРСА ЕКЕН

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелінде радиоторабы жұмыс істей бастағанына біржарым жылдан астам уақыт өтті. Сол уақыттан бері ол колхозшылардың радиохабарларды үнемі тындап отыруға деген тілегіне сәйкес жұмыс істеп жөрген емес. Радиохабарларының естілуі нашар, радиостанцияның жолдас радиоторабының күнделік жұмыс кестесін дұрыс пайдаланбайлы, кейде қазақ тілінде берілетін облыс хабарларын үзіп тастап, музыка беріліп жатқан станцияны қоса салады.

Колхоз радио торабының жұмысы жө-

ның ауылшаруашылығы басқармасының не еңбекшілер депутаттарының қалалық Советіне көптен бері мәлім. Не пайда, бұл екі мекеменің басшылары да техникумының құрылыс жұмысына назар аудармай келеді. Тіпті олар көптен бері техникумға келіп, студенттердің жатақ үйінің, оқу кабинеттерінің жайымен танысқан да емес.

Ж. МҰҚАШЕВ.

СӘТІ ТҮСПЕГЕН ІС

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоз бұдан 3 ай бұрын № 3 бригаданың председателі Рыспаев жолдас «кәзір көктемгі егіс науқаны гой, егісті аяқтағаннан кейін бір жөні болар» деп сендіріп келді. Бірақ, көктемгі егіс жұмыстары аяқталғаннан кейін де бұл жұмыстың сәті түспей, движок орнатылып, пайдалануға берілмей отыр.

Б. ЖҮСІПБЕКОВ.

«Ленин туының» дабылынан кейін

«Колхозшылар талабы»

«Ленин туы» газетінің осы жылы 7 майдағы номерінде жарияланған «Колхозшылар талабы» деген мақалада Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхозда хат тасу үшін тағайындалған арнаулы адам болмағандықтан соңғы кезде хат-хабар тасу ісінің мүлде нашарлап кеткендігі айтылған болатын.

Колхоз бастауыш партия ұйымы бұл мақаланы өзінің жыйналысында талқылап, онда көрсетілген фактілерді толық дұрыс деп тапты. Партия жыйналысы колхоздың әрбір бригадасында тұратын

колхозшылардың газет, журналдары мен хат-хабарларын күнбе-күн алып отыруын қамтамасыз ету мақсатымен колхозда хат-хабар тасу ісін жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады.

Кәзір колхозда хат тасу үшін арнаулы адам тағайындалып, хат-хабар тасу жұмысы жақсартылды.

А. МЕНДІБАЕВ,

Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхоз бастауыш партия ұйымының секретары.

ЖАРИЯЛАНБАҒАН ХАТТЫҢ ДЕРЕГІ

Редакцияға түскен тілші хатында Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхоздың дәрігерлік пунктіннің фельдшері И. Смирнов жолдасы өз міндетіне жауапсыз қарап, колхозшылар арасында тазалық және денсаулық сақтау жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізбей келгендігі, еңбекшілерге деркесінде дәрігерлік көмек көрсетіп отырмайтындығы айтылғанды.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің

менгерушісі С. Агжанов жолдас редакцияға, тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде, онда көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын хабарлады. Міндетін дұрыс атқара алмағандығы үшін фельдшер И. Смирновты қызметтен шығарып, оның орнына басқа дәрігерлік қызметкер жіберу жөнінде аудандық денсаулық сақтау бөлімінің менгерушісі Лисина жолдасқа нұсқау берілген.

Совет Одағы Коммунистік партиясы делегациясының Прагаға келуі

ПРАГА, 9 июнь. (СОТА). Чехословакия Коммунистік партиясының X съезіне қатысатын Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясы бүгін Прагаға келді. Делегацияның құрамында СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас, Украина КП Орталық Комитетінің секретары И. Д. Назаренко жолдас, СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Е. А. Фурцева жолдас, СОКП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі В. П. Степанов жолдас бар.

Прага аэродромында СОКП делегациясын Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный, Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси Секретариатының мүшелері А. Запотоцкий, Я. Доланский, А. Чепичка, В. Копецкий, К. Вацлик, ССРО-ның Чехословакиядағы Елшісі Н. П. Фирюбин және елшіліктің жауапты қызметкерлері қарсы алды.

Совет Одағы Коммунистік партиясы делегациясының Чехословакияда болуы

ПРАГА, 10 июнь. (СОТА). ЧКП X съезіне келген Совет Одағы Коммунистік партиясының СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев, УКП Орталық Комитетінің секретары И. Д. Назаренко, СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Е. А. Фурцева және СОКП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі В. П. Степанов жолдасардан құрылған делегациясы бүгін түске дейін Клемент Готвальдтың мавзолейінде болып, онда венктар қойды. Делегациямен бірге ЧКП Орталық Комитетінің Саяси Секретариатының мүшелері Алексей Чепичка, Васлав Копецкий, Сыртқы істер министрі Васлав Давид және Сыртқы істер министрлігінің жауапты қызметкерлері, сондай-ақ ССРО-ның Чехословакиядағы төтенше және полномочия елшісі Н. П. Фирюбин, ССРО елшілігінің жауапты қызметкерлері болды.

Съезге келген Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясы түстел кейін Сыртқы істер министрі Васлав Давидтың Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары Йозеф Непомучный және ССРО-ның Чехословакиядағы төтенше және полномочия елшісі Н. П. Фирюбинмен бірге жүріп, Енеч мемлекеттік шаруашылығын аралап, мұндағы фермаларды, теплица және парник шаруашылықтарын көрді. Директор Йозеф Канов бастаған мемлекеттік шаруашылықтың қызметкерлері делегацияны жылы шыраймен қарсы алды.

Делегация бұдан кейін Унгонг МТС-інде және Качица селосындағы біртұтас ауылшаруашылық кооперативінде (ЕСХК) болды.

Делегация мүшелері біртұтас ауылшаруашылық кооперативінің председатели Богумил Бурешнен және кооператив мүшелерімен достық жағдайда екі сағат әңгімелесті. Делегация басшысы СОКП

Пальмиро Тольяттидің Римде сөз сөйлеуі

РИМ, 7 июнь. (СОТА). Италия коммунистік партиясының бас секретары Пальмиро Тольятти кеше коммунистік партияның Римдегі федерациясы конференциясының қорытынды мәжілісінде сөз сөйледі.

Ең алдымен Тольятти фашизм құлатылғаннан бергі он жыл ішінде компартияның астанадағы ықпалының үздіксіз өсіп, едәуір күшейгенін атап көрсетті. Ол, алайда, қол жеткен табыстарға масаттанып компартияның Римдегі федерациясының басшылары мен мүшелерінің халық арасынан өздерін жақтаушыларды барған сайын көп тарту жолындағы күресті, сол сыяқты тұрғын үй құрылысы саласындағы жалдантарға қарсы және Рим провинциясындағы ең ірі экономикалық күш болып табылатын ірі помещиктерге қарсы күресті бәседегуге жол бермеуге тиіс екенін айтты.

Бұдан әрі Тольятти бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы халықтық қозғалыс барған сайын жеңінен өрістен отырған жағдайда американимперализмі мен итальян реакциясының күштері фашизмді ашықтан-ашық қалпына келтіруге тырысушылық аяпқа әкеліп соғатынын біліп, бұл апаттан олар, әрине, жеңіп шыға алмас еді, өздерінің үстемдігін «алдаушылық сайлау заңы» және «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор сыяқты әдістермен сақтал қалудағы тырысуда екенін көрсетті.

Коммунистік партия мен басқа демократиялық күштер халықтың «алдаушылық сайлау заңының» реакциялық кәтеріні жою жолындағы күресін басқара алды. Олар Италияның американимпералистеріне бағынышты соғыс ұйымының құлдануына түсуіне әкеліп соғатын «европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы барытталған бүкіл халықтық күресті басқару үшін өздерінің барлық күшін жұмылдыруға тиіс.

Коммунистер, деді онан әрі Тольятти, бірнеше жыл бойына үстем таптар келе жатқан жолдан мүлдем өзгеше жолды ұсынып келеді. Бұл жолға түскенде қоғамды ұйымдастырудың неғұрлым дамыған және қазіргі заманға сай келетін формаларына қарай сөзсіз болуға тиісті қозғалыс әлде қайда жеңіл және ауыртпалықсыз болады: бұл жол ең кем дегенде итальян экономикасының нағыз артқа қалған, феодалдық және монополистік жақтарын жою жолымен елдің ұлттық тәуелсіздігін және экономикалық қайта өркендеуін қорғауға тырысатын барлық

күштердің арасында нағыз кең көлемдегі келісімдерге жетуге мүмкіндік туғызады.

Коммунистік партия бұл жолды қышшылықтардан құтылу үшін ұсынып отырған жоқ, өйткені творчестволық ынтымақ саясаты күрес, насихат және өшкереулеу саясатынан гөрі әлде қайда қышын болған болар еді. Коммунистік партияның бұл жаңа жолды ұсынып отырған себебі — бұл жол елдің жалпы мүдделеріне сай келеді. Бұл үндеу тек өз басшыларының реакцияға құлшылық етіп бағыну саясатын жүргізуін мақұлдамай отырған адал социал-демократтарға ғана арналып отырған жоқ. Бұл үндеу тек барлық пікірдегі және барлық партиялардың шыншыл демократтарына ғана арналып отырған жоқ. Бұл үндеу, ең алдымен, католиктер дүниесіне арналып отыр.

Біз, деді Тольятти, католиктер дүниесінен біздің барлық талаптарымызды қуаттауды тілейміз. Біз католиктерді имперализм күштері мен бейбітшілік күштерінің бірін, қанаушылар мен қанаушылардың бірін, отар халықтарды езушілер мен бостандық үшін күресуші отар халықтардың бірін тандап алуға шақырамыз.

Католиктік дүниенің басшы топтары коммунистік партияларға қарсы және прогресшіл халықтық қозғалысқа қарсы күрес жүргізуде, алайда олардың діннен аластауы мен идеологиялық терроры халықтардың прогреске қарай алға басып тоқтатылғаны былай тұрсын, қайта шіркеу қызметкерлерінің едәуір бөлегінің арасында күмәндану мен сасқандық, сол сыяқты католиктердің көпшілігінің ашықтан-ашық мақұлдаушылығын туғызды.

Біз, деді Тольятти, католиктік күштерге коммунистермен, социалистермен және барлық прогресшіл ағымдармен бірге халықаралық саясат саласындағы, сол сыяқты ішкі саясат саласындағы негізгі проблемаларды шешу үшін нақты келісімге жетуге тырысуды ұсынамыз. Мысалы, атом қаруына қарсы күрес туралы, ішкі саяси шпеленісті жою үшін өлеуметтік сыйпаты бар шаралар туралы келісімге жетуге болар еді.

Коммунистер мен католиктердің арасында, деді сөзінің қорытындысында Тольятти, мұндай келісімдерді жасауға әбден болады, сондықтан коммунистік партия, әресе, шіркеудің ықпалы күшті Римде, осы келісімдерге жететіндей дәрежеде қыймыл жасауға, сөйтіп, нағыз маңызды ұлттық проблемаларды шешуді жеңілдетуге тиіс.

Итальян депутаттар палатасы реакциялық сайлау заңын өзгертті

РИМ, 10 июнь. (СОТА). Италия депутаттар палатасы 9 июньде басым көпшілік дауыспен социалистік партияның бас секретары Пьетро Неннидің 1953 жылы сайлау заңын өзгерту туралы ұсынысын қабылдады. Бұл ұсыныс 75 дауысқа қарсы

ету мақсатымен христиан-демократтар көпшілігі қабылдаған болатын.

Депутаттар палатасы сол сыяқты социалист Тарджетти ұсынған, 1948 жылы сайлау заңын түзейтін және пропорциялық өкілдік принципін күшейтетін заң

Совет шахматшылары АҚШ-қа жүріп кетті

АҚШ командасымен болатын матчқа қатысу үшін совет шахматшылар командасы 9 июньде Москвадан Нью-Йоркке жүріп кетті. ССРО командасының құрамында — гроссмейстерлер В. Смыслов, Д. Бронштейн, П. Керес, Ю. Авербах, Е. Геллер, А. Котов, Т. Петросян, М. Тайманов, запас ойыншы — гроссмейстер И. Болеславский, команда капитаны — гроссмейстер И. Б. Бондаревский бар.

Совет шахматшыларының делегациясын Д. В. Постников жолдас бастап барады.

ССРО және АҚШ шахматшылар командасы арасында матч Нью-Йоркте 16 июньде басталады.

АҚШ командасының құрамында гроссмейстер С. Решевский мастерлер А. Денвер, М. Павей, А. Бирн, П. Горовиц, Р. Бирн, А. Бизгайер, Н. Эванс, запас ойыншы — мастер А. Дейк бар.

Жарыс төрт турдан құралады. Әрбір қатысушы өз тақтасында төрт ойын өткізеді, матчта небары 32 ойын өткізіледі.

Жұртқа мәлім, совет шахматшылары АҚШ шахматшылар командасымен өткен жылы кездесуге тиісті еді. Бірақ, ол кезде Америка өкмет орындары совет шахматшыларына Нью-Йорк қаласының аймағынан шықпауды, ал ССРО-ның БҰҰ жанындағы өкілдігіне қарайтын Гленков қаласындағы дачаға әр жолы эмиграциялық өкмет орындарының рұқсатымен күндіз ғана келіп қайтып, бұл дачаға қонбауды шарт етіп қойған болатын.

ССРО шахмат секциясы мен совет шахматшыларының мұндай шек қоюшылыққа наразылық білдіруіне қарамастан, америк өкмет орындары ол шарттарды өзгертуге бастартты. Осы айтылғандар себепті совет шахматшылары Нью-Йоркке баруды және матчқа қатысуды мүмкін емес деп тапқан болатын.

Быйылғы жылдың басында америк шахмат делегациясы совет шахматшыларына командалық кездесуді АҚШ-та өткізуді тағы да ұсынды және америк өкмет орындарының совет шахматшыларының Нью-Йоркте болуы жөнінде қойған бұрынғы шек қоюшылықты жойғанын мәлімдеді. (СОТА).

ШВЕЦИЯ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ УНДЕННИҢ ССРО-ға КЕЛУІ

8 июньде ССРО-ға ресми емес түрде Швеция Сыртқы істер министрі Эстон Унден келді. Онымен Швецияның ССРО-дағы елшісі Рольф Сульман бірге келді.

Ленинградта Унден музейлерде болып, қаланың көрікті жерлерімен танысты және Киров атындағы опера және балет театрының спектакліне болды.

9 июньде Унден Москваға келді. Аэродромда Министр Унденді ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің коллегия мүшесі Г. М. Пушкин және ССРО Сыртқы Істер Министрлігі протокол бөлімінің меңгерушісі Д. А. Жуков, сол сыяқты Москвадағы Швед елшілігінің қызметкерлері қарсы алды. (СОТА).

ПЕТРОПАВЛДЫҢ ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК МЕКТЕБІ

Фельдшерлік- акушерлік бөлімнің және емдеу- профилактикалық мекемелердің медициналық сестраларын даярлайтын бөлімнің 1-курсына оқушылар алады.

Фельдшерлік- акушерлік бөлімде оқу мерзімі 4 жыл, медициналық сестралар даярлайтын бөлімде оқу мерзімі 3 жыл.

Мектепке орта мектептің жеті класы көлемінде білімі бар 14 жастан 30 жасқа дейінгі ер және әйел азаматтар алынады.

Оқуға түсушілерден мына пәндер бойынша қабылдау емтиханы алынады:

- 1. ССРО Конституциясы.
2. Орыс тілі және әдебиет (ауызша және жазбаша).
3. Математика (ауызша және жазбаша).

Қабылдау емтиханы августың 1-нен 20-на дейін жүргізіледі. Қолында 7 класы бітіргендігі туралы куәлігі бар және мақтау грамоталарымен наградталғандар мектепке емтихансыз алынады және стипендиямен қамтамасыз етіледі.

Сол сыяқты, қабылдау емтиханын «4» пен «5»-ке тапсырғандарға стипендия төленеді. 1 курсқа түсушілер жатақханамен қамтамасыз етілмейді.

Оқуға түсем деушілер директордың атына арыз жазып, оған мына документтерді: білімі туралы куәлігін (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлігінің нотариус анықтаған көшірмесін, өмірбаянын, бас киімсіз түскен 3x4 сантиметрлі 3 фотосуретін, денсаулығы туралы анықтаманы, тұрған жерінен алған анықтаманы қоса тапсырулары керек.

Әскери міндеттілер — әскери билетін, әскерге шақырылушылар — тіркелу куәліктерін, паспорттарын өздері келгенде көрсетеді.

Арыздар 1954 жылғы 1 июньнен 31 июльге дейін қабылданады.

Техникумның адресі: Петропавл қаласы, Пролетар көшесі, 4-үй.

ДИРЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ССР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕХАНИКАЛАНДЫРУ ТЕХНИКУМЫ

1954-55 оқу жылына 1-және жоғары курстарға түсіп оқу және сырттан оқу бөлімдеріне оқушылар алады.

Оқу мерзімі 4 жыл, сырттан оқу бөлімінде 5 жыл. Техникумға түсіп оқу бөлімі екі мамандық бойынша: ауыл шаруашылығын механикаландыру, мал шаруашылығын механикалаудыру және электрлендіру жөніндегі мамандар даярлайды.

Сырттан оқу бөлімі ауыл шаруашылығын механикаландыру жөніндегі мамандар даярлайды.

Техникумды бітіріп шыққандар ауыл шаруашылығының техник-механигі және техник электромеханик атағын алады.

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ:

Техникумның 1-курсына түсіп оқу бөлімінде ССРО-ның 14 жастан 30 жасқа дейінгі азаматтары, сырттан оқу бөліміне 7 класс көлемінде білімі бар, 7 класс көлемінде орыс тілінен және әдебиеттен ССРО Конституциясынан және математикадан қабылдау емтиханын тапсырғандар қабылданады.

1953 және 1954 оқу жылдарында 7 класы 5 деген бағамен бітіріп шыққандар оқуға қабылдау емтиханысыз алынады.

10 класы бітіргендер және орта мектеп көлемінде орыс тілі мен әдебиеттен (жазбаша шығарма жазу) және математикадан (жазбаша және ауызша) емтихан тапсырғандар мерзімі қысқартылған оқуға (2 жыл 4 айлық) қабылданады. Түсіп оқу бөліміне арыздар 1 июньнен 31 июльге дейін қабылданады, қабылдау емтихандары августың 1-нен 20-на дейін жүргізіледі, оқу 1 сентябрьде басталады.

Сырттан оқу бөліміне арыздар 1 июньнен 15 ноябрьге дейін қабылданады, қабылдау емтиханы 16 ноябрьден 15 декабрьге дейін жүргізіледі. Сырттан оқу бөліміне түсушілердің емтиханды тұрған жеріне жақын жердегі техникумда беруіне рұқсат етіледі.

Оқуды үлгерушілердің барлығына да стипендия төленеді. Арызбен бірге мына документтерін: білімі туралы куәлігі (түп нұсқасы) өмірбаяны, туған жылы туралы куәлігі, денсаулығы туралы анықтама, 3 фотосуреті, тұрған жерінен алған анықтама, әскери міндеттілігі туралы (әскери міндеттілер үшін) анықтама, жұмыс істеген жерінен немесе қоғам ұйымдарынан алған мінездемені (сырттан оқушылар үшін) қоса тапсырулары керек.

Паспортты оқуға түсушілер бірге ала келеді. Арызды жоғарыда көрсетілген документтермен бірге мына адрес бойынша техникум директорының атына жіберу керек.

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Октябрь алаңы, 25. Ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы.

ДИРЕКЦИЯ.

Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев пен делегация мүшелері кооперативтің өндірістік табыстарымен, біртұтас ауылшаруашылық кооперативінің мүшелері арасында табыс бөлісу системасымен танысты, совет колхозшылары қолданатын ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің озат тәжірибелері туралы әңгімелесті.

СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев қолтастарында Қачица кооператив мүшелерінің жұмыста зор табыстарға жетуіне тілек білдірді.

Қытай еңбекшілерінің өндірістік табыстары

ПЕКИН, 10 июнь. (СОТА). Қытай Халық Республикасының еңбекшілері халық шаруашылығын өркендетудің 1954 жылғы мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындап келеді. Ай өткен сайын жұмыс қарқыны арта түсуде. Мемлекеттік тапсырманы орындау ісінде қол жеткен табыстары туралы рапорт беруші кәсіпорындар көп. Мектептерінің саны күннен күнге көбейуде. «Гуиженьжибао» газетінің хабарына қарағанда, ҚХР-дің көмір өнеркәсібінің жұмысшылары майда үлкен өндірістік табыстарға ие болған. Көмір өндірудің май айындағы жоспарының елдегі мемлекеттік көмір шахталары 2,8 процент асыра орындаған. Үстіндегі жылдың май айында Қытай шахталары елдеріне өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда көмірді 30,7 процент көп берген.

Елдің экономикалық даму ісіне Қытай сұнайшылары да маңызды үлес қосуда, олар май айының жоспарын 109,3 процент, оның ішінде мұнай шығару жөнінен 109,7 процент, бензин шығаруды 107,8 процент, керосин шығаруды 135,7 процент, дизель жағар майын шығаруды 20,7 процент орындаған.

Қытай баспасөздері сол сыяқты ҚХР үрді қалаларындағы кәсіпорындарының ай айының мемлекеттік тапсырмасын орындағаны және асыра орындағаны туралы хабарлайды.

ИНДОНЕЗИЯ МЕН ГДР АРАСЫНДА САУДА КЕЛІСІМІ

ДЖАБАРТА, 10 июнь. (СОТА). Кеше Жакартада Индонезия сауда фирмдері мен Герман Демократиялық Респбликасы делегациясының арасында сауда келісімі жасалды. Бұл келісім бойынша Индонезия ГДР-ге каучук, чай, кофе, бұрыш береді. Ал, ГДР-ден машиналар, электр аппаратураларын, металл имдерін және басқа товарлар алады.

АФГАНСТАННЫҢ ТҮРІК-ПАКИСТАН ПАКТСІНА ҚОСЫЛУДАН БАСТАРУЫ

КАИР, 10 июнь. (СОТА). «Аль-гумхур» газетінің тілшісі беделді топтан алғашқы хабарға сүйеніп, Карачиден былай хабарлайды: Афганстан үкметі Афганстанның түрік-пакистан пактсіне қолдандан бастартуы туралы тиісті үкметке хабарлаған.

Бұрын мәлім болғанындай, бұл реакциялық заңды өздерінің елде беделінің төмендеуіне қарамастан парламентте билеуші партияның көп орын алуын қамтамасыз

Вьетнам Халық армиясы жоғарғы командованиясінің Француз экспедициялық корпусының жоғарғы командованиясіне хаты

ШАНХАЙ, 9 июнь. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі мынаны хабарлады: Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиясі Вьетнам Халық армиясының жаралы және ауру жауынгерлерін қайтарып беру туралы 7 июньде Француз экспедициялық корпусының жоғарғы командованиясіне хат жолдады. Хатта былай делінген:

Француз экспедициялық корпусы жоғарғы командованиясінің 1954 жылғы 7 июньде радио арқылы жеткізген хабарына жауап ретінде Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиясі Вьетнам Халық армиясының жаралы және ауру жауынгерлерін қайтарып беретін мына пункттерді ұсынады: № 1 тас жолдағы Динь Ко деревниасы (Солтүстік Вьетнамдағы Фу Лаг-Туонгтың солтүстік жағында); № 1 тас жолдағы Трайен көпірі (Орталық Вьетнамдағы Файфо өзенінің оңтүстік саласындағы Тубон өзенінде).

Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиясі жоғарыда көрсетілген пункттерде жаралы және ауру жауынгерлерді қабылдап алуды қамтамасыз ету жөнінде бірінші және бесінші ұрыс ай-

жобасын парламентке 15 июньге дейін тапсыруды үкметке міндеттейтін қарарды мақұлдады. Дауыс беру қорытындысы туралы хабар Италияда қоғамдық ойлардың қанағаттанғандығын тудызды.

мақтарындағы Вьетнам Халық армиясының командованиясіне нұсқау жіберді. Француз экспедициялық корпусының жоғарғы командованиясінен осы пункттердің әрқайсысына бір-бірден өкіл жіберу сұралады. Бұл өкілдер Вьетнам Демократиялық республикасындағы стандартты уақыт бойынша 1954 жылғы 11 июньде күндізгі сағат 2-тен 4-ке дейін Солтүстік Вьетнамға, 14 июньде осы сағаттарда орталық Вьетнамға келіп жаралылар мен ауру жауынгерлерді қайтарып берудің нақты шарттары туралы келісу үшін Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиясі атынан келіссөздер жүргізетін бірінші және бесінші ұрыс аймақтарындағы Вьетнам Халық армиясы командованиясінің тиісті өкілдерімен кездесуге керек.

Кездесу болатын күні екі жақ Динь Ко мен Трайеннің төңірегіндегі он километр аймақта ұрыс қыймылдарын 2 ноль сағаттан бастап түн ортасына дейін тоқтататын болады.

Екі жақтың өкілдері белгіленген пункттерге қарусыз және қызыл крест жалауымен келеді.

Аргентинадағы ереуіл қозғалысы

БУЭНОС-АЙРЕС, 10 июнь. (СОТА). Аргентина металлургия өнеркәсібінің жүз мың жұмысшыларының еңбекақыны 40 процентке арттыруды және еңбек жағдайын жақсартуды талап еткен ереуілі бір айдан бері болып жатыр. Металшылардың ірікті салушы кәсіподақтарымен келіскен кәсіпорны иелері ереуілді қайткен күнде де басуға ұмтылуда. Кәсіп ие-

лерінің қызметіндегі қарулы күштердің ереуілшілерге шабуыл жасауы нәтижесінде 15 жұмысшы өлген, көптеген ереуілшілер жараланған.

Елде темекі кәсіпорындарының 40 мың жұмысшылары, резина өнеркәсібінің және басқа кәсіпорындары жұмысшыларының ереуілдері де бір айдан бері болып жатыр.

Африкада құл сатушылық

НЬЮ-ЙОРК, 10 июнь. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газетінің кәзір Шығыс Африканы аралап жүрген тілшісі Олбион Росс Бейрадан (Мозамбик) былай деп жазады: «Негрлер әлі де болса бұл елде бәрінен көп ауданатын товарлар болып табылады». Көп жағдайларда, деп жаза-

ды ол, мұнда күннен зорлап еңбек істету бар. Мозамбиктің заңы егер қожасының жерінде негр барлық қажетті жұмыстарды орындады деген анықтама қағаз алмайтын болса, қожасына жылына 6 ай еңбек етуге міндеттейді.

ЮГОСЛАВИЯДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІ

БЕЛГРАД, 10 июнь. (СОТА). «Ворба» газетінің хабарына қарағанда, Югославияда соңғы екі айда ауылшаруашылық өнімдерінің базардағы бағасының қымбаттағаны байқалады. Апрельде ет бағасы 2,3 процент өскен еді, ал майда тағы да 4,1

процент өсті. Қара мал етінің бағасы жыл басынан бері 19,8 процент, шошқа етінің бағасы 14,9 процент артқан. Жүгері бағасы да 6,8 процент өскен. Бидай едәуір қымбаттаған.

Батыс Германияны қайта қаруландыруға қарсы

Ағылшын кооператив одағының жыл сайын болып тұратын конгресінде ЛОНДОН, 10 июнь. (СОТА). Кеше Скарборода кооператив одағының жыл сайын болып тұратын конгресі ашылды. Блекпул кооператив қоғамының өкілі Э.Мейчин мынадай мазмұнда қарар ұсынды: «Конгресс Батыс Германияны қайта қаруландыру жөніндегі келісімге Англияның қатысуын немесе ол оның қайта қарулануына мүмкіншілік беруін айыптайды. Сондықтан конгресс кооперативтік партия бұл сыяқты келісімдердің жүзеге асырылуына мүмкіншілік бермеу үшін қандай қыймылды қажет деп талса, сондай қыймылды жүзеге асыруға шақырады».

Пресс Ассошиэйшн агенттігінің хабарына қарағанда, бұл қарар мандат бойынша дауыс бергенде 5388 мың дауысқа қарсы 6035 мың дауыспен қабылданды. Атқару комитеті қараға қарсы болды.

ИТАЛИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ ӨЗ ПРАВОЛАРЫ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

РИМ, 10 июнь. (СОТА). «Унита» газеті былай деп хабарлайды: барлық Италияда еңбекшілер «ерікті кәсіподақтарының итальян конференциясының» «итальян еңбек одағының» және кәсіпшілер конференциясының басшыларының еңбекақыны арттыру талабын мүлде есертпейтін келісімге қол қою әрекеттеріне өздерінің ашығандығын білдіруде.

Көптеген заводтар мен фабрикаларда «келісімге» наразылық білдіру ретінде ереуілдер басталды. Ереуілдер Палланцадағы (Новар провинциясы) «Нейлон» және «Родия Ачетати» фабрикаларында, «Монтекатини» химия консервіне жататын көптеген заводтарда да болып өтті. Түрлі уақыттарға созылған ереуілдерді Милан металлургия, Генуя кәсіпорындарының, Монфальконедағы (Гориция провинциясы) «Кантьери риунити дель Адриатико» кеме жасау верфіндегі еңбекшілері, Вареза, Реджонель-Эмилия және Римини құрылысшылары да жариялаған.

Венеция, Модена және Феррара провинциясының ауыл шаруашылығында батрақтар ереуілі болып жатыр. Рим провинциясының батрақтары мен малшылары соңғы 30 күн бойы өткізген өздерінің ереуілі нәтижесінде жалақыны 5 проценттен 10 процентке дейін өсіруге жеткен.

ПАКИСТАНДАҒЫ ТҮТҚЫНДАУЛАР

БАРАЧИ, 10 июнь. (СОТА). Жергілікті газеттердің хабарларына қарағанда, кеше Карачиде Пакистан-түрік мәдениет ассоциациясының секретары Иқбаль Алви және екі кәсіподақ қайраткерлері Назим Амрохви мен Мұхамед Али тұтқынға алынған. Сонымен, 30 майдан 10 июньге дейін Карачиде 22 адам тұтқынға алынған.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

«Союзпечатьтің» барлық қалалық бөлімдері, аудандық мекемелері, байланыс бөлімдері мен агенттіктері, колхоздардағы, совхоздардағы, МТС-тер мен ММШС-теріндегі қоғамдық өкілдер 1954 жылдың екінші жартысына Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің органы «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналына жазылушылар қабылдайды.

Журнал Қазақ ССР-ның социалистік ауыл шаруашылығын өркендету мәселелерін жазып отырады, ауыл шаруашылығындағы ғылым жетістіктері мен озат тәжірибелер туралы мақалалар, тың және тыңайған жерлерді игеру, берік мал азығы қорын жасау туралы, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру туралы материалдар жариялайды. Бақша шаруашылығы, омарта шаруашылығы, су шаруашылығы мәселелері жайынан мақалалар басылады, техникалық дақылдар, кәсіпорындар мен мекемелердің ауыл-селоға көмегі туралы мақалалар орналастырылады.

Журналда сын және библиография бөлімі бар және журнал оқушылардың хаттары, басқа да материалдар басылады.

Журнал ауыл шаруашылығының басшы қызметкерлеріне, мамандарына, агрономдарға, зоотехниктерге, механизаторларға, ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындарының, техникумдарының, ауылшаруашылық мектептерінің оқытушыларына және колхоз активтеріне—колхоз председателдеріне, басқарма мүшелеріне, бригадирлерге, ферма меңгерушілеріне, бухгалтерлерге және басқаларға арналған.

Журнал орыс және қазақ тілдерінде шығарылады. Журнал айына бір рет шығып тұрады. Көлемі 5,5 баспа табақ. Жазылу бағасы—айына бір сом.

№ 20 қолөнер училищесі оқушылар қабылдай бастады. Оқуға 7 класс көлемінде білімі бар, 14 жастан 18 жасқа дейінгі ер балалар және 14 жастан 16 жасқа дейінгі қыз балалар қабылданады. Училище тоқарылар, слесарьлар, темір ұсталарын, газбен және электр қуатымен болат балқытушылар даярлайды. Оқу мерзімі 2 жыл, Оқуға қабылданғандар толық мемлекет қамтуында болады. Оқуға түсушілердің қолында мына документтері: білімі туралы куәлігі, туған жылы туралы куәлігі немесе паспорты, мектептен алған міндемесі, тұрған жерінен анықтама және 6 фотосуреті болуы керек.

1954 жылдың екінші жартысына облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.



«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРТИЗАННЫҢ БАЛАЛАРЫ»
Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАҚЫТТЫ ФИНИШ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөліміне киномеханик керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Ленин көшесі, 27-үйге келіп түсінік алуға болады.

Петропавл совхозының екі аты жоғалды. Аттардың біреуі жирен, 7 жаста, екіншісі торы 3 жаста, артқы екі аяғының шашағы ақ. Көрген білгендер болса Петропавл ауданындағы Якорь поселкесіне хабарлауларын сұраймыз.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.